

„Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
“Экономика және құқық” институты
“Қаржы” кафедрасы

УТЕБАЕВ С.Е.

*5B050900– «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған «Ақша, несие,
банктер» пәні бойынша тәжірибе сабақтарын оқытуға арналған*

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Ақтау, 2011ж.

ӘОЖ 336.7 (072)

Құрастырушылар: аға оқытушы Утебаев С.Е.

5В050900 «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған «Қаржы» пәні бойынша әдістемелік құрал. Ақтау-2011, 55 бет

Сын пікір беруші: э.ғ.к. Кадырова Г.М.

Әдістемелік құралында нарықтық кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жүйесіне сәйкес ақша, несие жүйесінің мәні, қоғамдық ұдайы өндірістегі рөлі, банк түсінігі, пайда болуы, Қазақстан республикасының банк жүйесінің құрылымы, қызметі туралы қарастырылып, тәжірибелік сабақтарының тапсырмалары берілген.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша басуға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

КІРІСПЕ

«Ақша, несие, банктер» - теориялық курс. Ол болашақ қаржыгерлер мен банкирлерді кең профильді маман ретінде дайындауға негіз береді. Бұл курс экономикалық теория, макро – және микро деңгейдегі экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және аудит, менеджмент және сол сияқты басқа оқу пәндерімен қосылып ақша-несие қатынастарының, банктік қызмет теориясының және оны ұйымдастыру негіздерінің мәні туралы білімді қалыптастырып, олардың маңызы мен экономикадағы қолдану механизмін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Ақша, несие, банктер» оқу пәні келесі мақсаттарды көздейді: студенттерде ақшаның, несиенің және банктердің теориялық аспектілері бойынша, ақша және несие жүйелерінің қызмет істеу негіздері, халықаралық несие – есептеу және валюта қатынастары, бағалы қағаздар нарығының негіздері бойынша біртұтас білім жүйесін қалыптастыру;

- пәннің мәнін және мазмұнын сипаттайтын терминологиялық-ұғымдық аппарат беру;
- барлық ұғымдардың өзара байланысын, олардың ішкі логикасын ашу.

«Ақша, несие, банктер» оқу пәнінің міндеті:

- студенттерге ақшаның, несиенің, банктердің теориясы бойынша теориялық білімнің белгілі-бір қажетті минимумын беру;
- оларға банк аясында қызмет істеу үшін қажетті практикалық әдеттерді дарыту;
- банк қызметінің болашақ профессионалдарына мүмкін болатын банктік жаналықтар, Интернет-технологиялар және басқаларды қоса алғандағы жұмыстың негізгі бағытын белгілеп қою.

«Ақша, несие, банктер» курсының жұмыс бағдарламасы стандартқа және мазмұндау логикасына сәйкес бес дербес және сонымен бірге өзара байланысты бірсыпыра бөлімдерге бөлінген. Оларда оқу пәнінің негіздік проблемалары қарастырылады.

«Ақша, несие, банктер» курсының нобайысы құрылымдық түрде берілген. Ол өз кезегінде оқып білу процесін белгілі-бір дәрежеде оңайлатуға, ал керек кездерде, осы курсты оқытатын мамандықтар бойынша бөлінетін оқу сағаттарын есептегенде, кейбір бөлімдерді немесе тақырыптарды қалдырып кетуге мүмкіндік береді.

Тақырып 1. Ақшаның мәні мен қызметтері

Мақсаты: Ақшаның пайда болуы мен тауарлық табиғатын зерттеп, ақшаның бес қызметі мен ерекшеліктерін талдау, құн формаларының дамуын түсіндіру.

1. Ақшаның пайда болуы және тауарлық табиғаты.
2. Тауар қарама-қайшылықтары және құн эквиваленті формаларының ерекшеліктері.
3. Құн формаларының дамуы.

Ақша - тауарлы өндірістің өнімі. Ал өнім мен тауардың айырмашылығы неде? Адам еңбегінің нәтижесі - өнім, зат, ал өнімді сату — сатып алу қатнастарын дәлелдейтін түрі -тауар. Тауар дегеніміз сату- сатып алу жолымен айырбасқа түскен еңбек өнімі, егерде өзі пайдаланса, ол тұтыну заты. Тұтыну құны адамның қажетін қанағаттандыру қасиетінен шығады, ол басқа тауарларға айырбастау айырбас құны шығады. Құн деген заттың қоғамдық қасиеті, құнның негізі - адам еңбегі. Құн -еңбектің нәтижесі, еңбек жемісі.

Құнның - еңбектің теориясын негізін қалаушылар 17 ғасырдағы ағылшын экономисі Ульямс Петти, 17 ғасырдағы өмір сүрген шотландық Адам Смит, 19 ғасырдағы ағылшын бизнесімені Джон Рикардо болды. Құнның еңбек теориясына басты үлесті 19 г. К. Маркс қосты.

Адамзат қоғамның даму сатыларында айырбас қатынастары дамып, жетіліп. Нарықта тауарлар тек натуралды зат ретінде ғана бір-бірімен айырбасталып қоймай, ерекше бір тауар - яғни тауар ақша пайда болды. Құн формаларының дамуы.

Тауар өндірісінің өсуі, айырбастың жиілігі мен жүйелігі барлық тауардың арасынан бір тауардың бөлініп шығуына әкеп соқты. Бұл тауарға басқа тауарлар жиі алмастырылып, қалған тауарға үшін эквивалент, яғни жалпыға ортақ балама тауар болды. Оның формуласы мына сипатқа ие болды: 4 қап астық
1 балта = 1 қой
1 құмыра ж.т.б.

Уақыт өте келе тауар өндірісінің өрістеуі айырбасты ұлғайттып, нарықтың шегінен шығуына әкеп соқты.

Бұл кезде құнның жалпыға ортақ эквивалент қызметінің белгілі бір тауар атқара алады. Ол тауар ақша нәтижесінде құнның ақшалай формасын ауысып, айырба процесіне айналды. Оның формуласы. 1 қой
4 қап астық = 1 ақша өлшемі.
1 балта 1 құмыра ж.т.б.

Айырбас дамуының жаңа сатысын білдіретін формасы құнның толық, немесе кеңейтілген формасы деп аталады. Ақша деген тауардың жалпы эквивалентінің тиянақталған түрі. Ақша - тауар өндіру мен оны айырбастау процесінде басқа тауардан бөлініп шыққан ерекше тауар, оның айырықша қызметті - барлық тауарларға ортақ балама эквивалент рөлін атқарады.

Тауар өндірісінің тарихында ақшаның рөлін әр түрлі тауарлар атқарған. Мысалы далалық жерлерде тауардың жалпы эквивалент рөлін жылқы, өгіз, немесе қой атқарса, шөлді жерлерде - түйе, тундырада бұғы атқарады.

Ақшаның айырбас құнның мал атқаруы әр халықтың ауыз әдебиетінде сақталған, кейінгі металдан соғылған ақшаны да мал атауы мен аталған. Мысалы: латын сөзі «пекус - мал», ал «пекуня» - ақша, унділердің ақша өлшемі «рупия - рупо» «мал» деген сөзден шыққан.

Көп қолданып жүрген сөз «капитал» - оның тарихы да мал атауымен байланысты көрінеді, өйткені ескі герман тілінде меншігінде көптеген мал басы болса, оның байлығын «капитал» деп атаған.

Юлий Цезарь патшалығының тұсында ақша ретінде құлдарды пайдаланған. Мысалы: бір құл 3 сиырға, 6 бұзауға, 12 қойға теңгерілген.

Жалпы эквивалент болып әр түрлі металдарда қолданылды: темір, қалайы, мыс, қорғасын, күміс, алтын. Көп уақытқа дейін металл ақшалардың формалары әр алуан болды. Мысалы: мыс ақшалар - мосы, қалқан, қазан, ыдыс түрінде айналыста жүрді. Ақшаның қазіргі кезде грекше атауы «Драхма - бір уыс шеге» деген ұғым.

Сонымен ақшаның бірінші атқаратын қызметі - ол өндірілген өнімнің құнның өлшеуші құрал. Тауардың ақша болып керінетін құны - тауар бағасы. Баға деген құнның ақшалай көрінетін бейнесі. Өндірілген өнімнің құнын ақшамен айырбастау үшін, оның бағасын белгілеу керек. Ол үшін баға масштабын қолдану қажет.

Баға масштабы - ақша өлшемі ретінде белгіленген белгілі бір металдың (алтын, күміс, мыс) мөлшері мен массасын айтады. Алғашқы монета соғылған кезде баға масштабы оның салмағына тең келді. Ақша түрлері өзгеруіне байланысты баға масштабы ақшаның салмағына сай келмейді. Ақшаның құн өлшемі ретінде қызметі мен баға масштабының арасында айтарлықтай өзгешіліктер бар. Құн өлшемі - өнімді шығаруға жұмсалған еңбек шығынын анықтайды.

Ақшаның объективті қажеттілігі тауар өндірісі және одан туындайтын тауар айналысына байланысты. Ақша –кез келген тауар айналысының құрамдас бөлігі және оның нәтижесі. Тауар және ақша бір-бірінен ажырамайды, себебі ақша айналымынсыз тауар айналымы болмайды, болуы да мүмкін емес.

Ақшаның кез келген тауарларға теңгерілуі (эквивалент болуы) неліктен? Ол ақшаның тауар өндірісі жағдайында құн өлшемі қызметін атқаруынан. Бұл ақшаның алғашқы қызметі. Ақша қоғамда ең алдымен өндірілген барлық тауарлардың құнын өлшейтін құрал, яғни ол тауарлардың бағасын белгілегенде айырбас құралы қызметін атқарады. Ақшаның бірінші атқаратын қызметі - ол өндірілген өнімнің құнын өлшеуші құрал.

Тауардың ақша болып көрінетін құны – тауар бағасы. Баға деген құнның ақшалай көрінетін бейнесі. Енді өндірілген өнімнің құнын ақшамен анықтау керек делік, яғни оны айырбасқа түсіру үшін бағасын белгілеу керек. Ол үшін баға масштабын қолдану қажет. Баға масштабы деп ақша өлшемі ретінде мемлекет белгілеген белгілі бір металдың (алтын, күміс, мыс) мөлшері мен массасын айтады.

Ақшаның құн өлшемі ретіндегі қызметі мен баға масштабының арасында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Құн өлшемі – ол ақшаның экономикалық

қызметі, яғни құн өнімді шығаруға жұмсалған еңбек шығынын анықтайды. Ал баға масштабы тауардың құнын анықтау үшін емес, оның бағасын белгілеу үшін мемлекет заңды түрде бекіткен- құқықтық сипаттағы техникалық құрал.

Ақшаның тауар айналысында атқаратын екінші қызметі – айналыс құралы. Ақша пайда болғаннан кейін тікелей тауар айырбастау (Т-Т) тауар айналысы (Т-А-Т) формасына айналады. Бұнда екі акт бар: біріншісі Т-А – ол тауарды сату немесе тауарды ақшаға айырбастау, ал екіншісі А-Т – ақшаға басқа қажетті тауарды сатып алу немесе ақшаны тауарға айырбастауды бейнелейді. Ақшаның бұл қызметі тауар айналымына сапалық өзгерістер енгізеді.

Ақшаның айналыс құралы қызметінің ерекшеліктері:

А) тауар мен ақшаның біріне-бірі қарсы қозғалысы;

ә) бұл қызметті ойдағы ақша емес, қолма-қол ақшаның орындауы;

б) бұл қызметтің ақша тауарлар айырбасталғанда оларға ілесе жүріп, ілезде шапшаң орындайтындықтан, айырбаста нақты ақша материалы (алтын) емес, оның орнына қолданылатын ақша белгілерінің жүруі.

Тауар айналысы дамыған сайын тауарды сату уақыты оған ақша төлеу уақытымен сәйкес келе бермейді. Төлемді кешіктіре отырып, сатылған тауарларға ақы төлегенде ақша төлем құралы қызметін атқарады. Сатып алушы тауар үшін ақшаны төлем мерзімі басталған кезде ғана төлейді. Ақшаның төлем құралы қызметі тек тауар айналысын қамтумен шектеліп қоймай, сонымен бірге ақша қаржылық және несиелік қатынастарға да қызмет көрсетеді. Барлық төлемдерді төмендегідей түрде топтастыруға болады:

А) тауарларға және көрсетілген қызметтерге ақы төлеу;

ә) еңбекақы, зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы төлеу;

б) мемлекеттік қаржы міндеттемелерін өтеу;

в) банктік, мемлекеттік, тұтыну несиелері бойынша қарызды өтеу; сақтандыру міндеттемелерін төлеу;

г) құқықтық сот сипатындағы ақыларды төлеу және т.б.

Ақшаның төлем құралы қызметінің айналыс құралы қызметінен өзгешеліктері: бұл қызметінде ақша сатып алу-сату процестерін аяқтайды және қолма-қол ақшамен қатар несие ақшалары да жүреді.

Ақшаның келесі қызметі – қор жинау және байлық құру құралы. Ақшаның айналыс және төлем құралдары қызметін орындау үшін қажетті мөлшерде белгілі бір уақытқа ақша қорын жинау керек.

Толық құнды ақша (алтын) материалданған құн ретінде жалпы байлықтың өкілі болып табылады. Мұның мәнісі, ақшаның байлық құру құралы қызметін тек толық құнды ақша ғана: алтын құймалары, одан жасалған әшекей бұйымдары, сонымен қатар қымбат тастар атқарады. Бұндай қор – елдің байлығының көрінісі. Байлық мемлекеттің сақтандыру қоры ретінде стихиялы құбылыстар кезінде жұмсалады.

Халықаралық еңбек бөлінісінің дамуы, шаруашылық байланыстарының интернационалдануы тауар және ақша айналысының ұлттық шеңберден шығып, әлемдік нарықтың пайда болуына әсер етті. Бұл экономикалық

қатынастар – ақшаның дүниежүзілік қызметінің алғы-шарты. Сондықтан ақша халықаралық сауда-саттықта қызмет көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақшаның пайда болуы
2. Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі.
3. Ақшаның қор жинау немесе қазына жасау ретіндегі қызметі.
4. Ақшаның айналыс құралы қызметі

Семинар тапсырмалары:

1. Айналымның ақшаға деген қажеттілігін бағалау.
2. Ақшаға деген сұраныс пен ұсыныс.
3. Ақша айналысының тұрақтылығының негізі.
4. Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі.
5. Ақшаның қор жинау немесе қазына жасау ретіндегі қызметі.

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Көшенова Б. А. Ақша. Несие. Банкер. Валюта Қатынастары. Оқу құралы. А-2000 ж.;
2. Балабанов И.Т. Гончарук О.В. Деньги и финансовые институты. Уч. Пособие. М-2000 г.
3. Валютные отношения. Уч. Пособие под ред. Симионова Ю.Ф. М-2002 г.
4. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Колесникова В. Питер-2001 г.

Тақырып 2. Ақша айналымы, ақша айналысы және ақша жүйесі

Мақсаты: Ақша айналымын және ақша айналысын, қызмет көрсетуші ақша формаларын, толық құнды, толық құнсыз, қағаз, несие ақшаларды анықтау, қолма-қол және қолма-қолсыз ақша айналысын түсіндіру.

1. Ақша айналымы және ақша айналысы туралы түсінік.
2. Қызмет көрсетуші ақша формалары.
3. Толық құнды, толық құнсыз, қағаз, несие ақшалар.
4. Қолма-қол және қолма-қолсыз ақша айналысы.

Ақша айналысы - ақша айналымының тек бір бөлігі, атап айтқанда «қолма-қол ақша айналысы». Ақша айналымына тән ерекшеліктері:

Ақша айналымы негізінен шаруашылықтағы нарықтық қатынастарға қызмет жасайды, ол бөлу қатынастарының тек аз ғана белшегін камтиды. қолма-қол ақша және қолма-қол емес ақша айналымдарын заңмен ажырату жойылды. ақша айналымы мемлекеттің, коммерциялық банктердің, заңды жеке тұлғалардың жоспарлы болжауының объектісі болып табылды. - ақша

айналымы әр түрлі меншік формасы жағдайында жүреді. ақша айналымының алғашқы және қорытынды кезеңдері орталықтанбаған, яғни олар әр түрлі коммерциялық және мемлекеттік банктерде шоғырланған. қолма-қол ақша және қолма - қол емес ақша айналымы бір-бірімен тығыз байланыста жүреді. қолма-қол ақша эмиссиясын Орталық банк жүргізіп, ал қолма-қол емес ақша белгілерін коммерциялық банктер шығарады.

Сонымен, ақша айналымы деп қолма-қол және қолма-қол емес түрінде үзілсіз қозғалыста жүретін ақша белгілерін айтады.

Айналыста жүретін тек қолма-қол ақша, ол ақша айналымының тек бір бөлігі. Демек ақша айналысы деген - белгілі бір мезгілде қолма-қол ақшамен өтелген барлық төлемдер самасына тең ақша айналымының бөлігі.

Ал ақша айналымы деген қолма-қол ақша мен қолма-қол емес ақша белгілерінің тауар айналымын және тауарсыз төлемдер мен шаруашылықтың есеп айырысуын қамтамасыз ететін ақшаның қызметі.

Сонымен ақша айналымы екі бөлектен тұрады: қолма-қол ақша айналысы және қолма-қол емес ақша айналымнаң тұрады.

Айналыста тек қолма-қол ақша жүретіндіктен оны ақша айналымы деп атайды. ҚР қолма-қол ақшаны Ұлттық банк банкнота түрінде эмиссиялайды (эмиссия - бағалы қағаздар, ақша шығаруы) екінші деңгейдегі банктер оның эквивалентін қолма-қол емес формада төлеп алады. Қолма - қол ақша негізінен халықтың ақшаны табысынан және оны жұмсаудан түседі. Бірақ ақшаның көп бөлігін салық, жарна, сақтандыру төлемін, пәтер ақысы мен коммуналдық төлемін, қарызды өтеуге, тауар сатып алу мен көрсетілген қызметке ақы төлеуге, бағалы қағаздар мен лоторея сатып алуға жалгерлік ақы, айып пұл т.с.с. төлеуге жұмсайды.

Ақша айналымы деп қолма-қол және қолма-қол емес түрінде үзіліссіз қозғалыста жүретін ақша белгілерін айтады, тауар айналымын және тауарсыз төлемдер мен шаруашылық есеп айырысуын қамтамасыз ететін ақшаның қызметі. Айналыста тек қолма-қол ақша жүретіндіктен оны ақша айналысы деп айтады.

Қолма-қол емес ақша айналымы (төлем айналымы) ол банктегі шот иесінің жазбаша бұйрығы бойынша шоғғағы ақша қалдығының өзгеруі немесе ақшаның төлем құралы ретінде қызметін атқаруы. Ол бүкіл ақша айналымының басым бөлігі (90% жуығын) құрайды. Төлем айналымы төлеушілер мен сатып алушылардың банктегі шотына немесе жазу түрінде немесе олардың өзара талаптарын есептеу жолымен жүзеге асырады.

Қолма-қол ақшасыз төлем айналымы: тауарлы операциялар бойынша және қаржы міндеттемелер бойынша болып екі топқа бөлінеді.

1. топқа - тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу.

2- ге бюджетке төленетін төлемдер (пайда салығы, коеымша құн салығы жеке тұлғадан алынатын табыс салығы жеке басқа міндетті төлемдер) және бюджеттен тыс қорлар, банктік борышты өтеу, несие үшін өсімді төлеу, сақтандыру компаниялармен есептесу жатады.

Айналыстағы ақша алма - кезең біресе айналыс құралы, біресе төлем құралы қызметтерін орындайды. Тауар сатудан түскен ақша қарыз төлеуге жұмсалуды мүмкін, өз кезегінде қарыз өтеуден түскен ақша тауар сатып алуға жұмсалуды мүмкін.

Ақша айналымын реттеудегі маңызды элемент - қолма-қол ақшаны пайдалану аясын тарылту. Бұл мәселені біздің елде кәсіп орындар арасындағы өзара есепке қола-қол ақшаны тек төменгі жалақының төрт еселенген мөлшер көлемінде пайдаланумен және банктегі салым иелерінің бөлшек сауда мен есеп айырысу үшін есептеу чектерін енгізумен шектелуде. Банктердің есептеу операциялары: инкассо, аудару және аккредитив болып бөлінеді.

Инкассо - әр түрлі құжаттарды пайдаланып, клиенттердің тапсырысы бойынша және олардың шотына банктердің ақша түсіру операциясы. Инкассоға чектер, вексельдер, бағалы қағаздар және т. б. құжаттар қабылданады.

Инкассоның 2 түрі бар.

Жай инкассо - клиенттің банк арқылы коммерциялық құжатсыз қойған төлем талабы, негізінде банктің үшінші жақтан ақша алуға міндеттелген операциясы.

Құжатты (документарное) инкассо — үшінші жаққа клиенттен алған құжатты көрсету және оны тек төлемді қолма-қол алғанда ғана беру нәтижесінде банктің жүргізетін операциясы.

Аудару операциясы - клиент банкіне өз шотынан белгілі бір соманы көрсетілген жаққа аудару жөнінде тапсырма береді.

Аккредитив — (латын сөзі «сенемін») - бір банктің екінші банкке аккредитивте көрсетілген шарттарды орындалғанда белгілі бір соманы жеке немесе заңды тұлғаға төлеу жөнінде берген жазбаша тапсырмасы.

Қағаз ақша («декретные деньги») - өкіметтік қаулысымен қабылданған – «заңды ақша») - ол толық құнды ақшаның орнына айналым және төлем құралы қызметтерін атқаратын, мемлекет өз шығындарын жабу үшін шығаратын және ықтиярсыз көрсеткен құны бар, әдетте металл, айырбасталмайтын ақша белгісі. Тарихи ол алтын мен күмістің өкілі ретінде солардың орнына пайда болды.

Несие ақшалары – сатып алушының қарызды қайтаруда пайдаланатын (толық құнды ақшаның орнына жүретін) құнның қағаз белгісі немесе қарызды өтеудегі ақшаның төлем құралы қызметін атқаруы.

Негізгі сөздер:

Бақылау сұрақтары:

1. Ақша айналымы;
2. Ақша жүйесі;
3. Ақша формалары;
4. Металдық ақша айналысы.

Семинар тапсырмалары:

1. Ақша және төлем құралдарының түрлері.
2. Ақша айналысының эволюциясы.
3. Төлем құжаттарының түрлері.
4. Металдық ақша айналысы

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Лаврушин О.И. Деньги, кредит, банки. М-2002 ж.
2. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;
3. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Сейтқасимова Ғ.С Алматы-1996 г.
4. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. «Қаржы». – Алматы: 2005.

Тақырып 3. Ақша реформалары.

Мақсаты: Ақша дағдарысы түсінігін, Қазақстандағы ақша дағдарыстарының пайда болу себептерін зерттеу, ақша реформаларының тарихи мағынаға ие болуын, Қазақстандағы ақша реформаларын талдау, анықтап түсіндіру.

1. Ақша дағдарыстары.
2. Қазақстандағы ақша дағдарыстарының пайда болу себептері. Ақша реформаларының тарихи мағынаға ие болуы.
3. Қазақстандағы ақша реформалары.

Ақша реформасы деп мемлекеттік ақша жүйесіне өзгеріс енгізуді айтады. Ақша реформасы жүргізілгенде бір ақша жүйесін екінші ақша жүйесімен ауыстырады, я болмаса сол ақша жүйесінің кейбір элементтерін өзгертеді.

Ал 1922-24 ж.ж ақша реформасын жүргізуге жағдайлар әсер етті. Ақша реформасының мазмұны өскелең халық шаруасындағы тұрақгы ақша қажет, онсыз қала мен ауыл арасында тауар алмасуыш калыптастыру, өндірісте есеп жұмыстарын ұйымдастырып, оған шаруашылық есепті енгізуі, еңбекке экономнкалық ынталандыру мүмкін емес. Сондықтан рубльді тұрақтандыру мақсатында 1922ж. ақша реформасын жүргізу басталды, ол екі кезеңде өтті.

Ақша реформасының алғашқы кезеңінде, яғни 1922ж. 11 қазанында Мемлекеттік банк бағасы 1, 2, 3, 5, 10, 15 болатын банк билеттерін шығарып. оларды червонецтер деп атады. 1 червонец революцияға дейінгі 10 руб, Алтын монетаға теңгерілді, ал 1 монета 7,74234 г. алтынға теңеді. Червонецтер тек өндіріс орындарына, өндіріс мекемелеріне қысқа мерзімді несие ретінде тауармен қамтамасыз етілген жағдайға берілді, яғни тек тауар шығаруды ынталандыру үшін ғана қажетті мөлшердегі червонецтер шығарылды.

Тұрақты валюта - червонецтермен қатар айналымда қаржы комиссариаты шығарған қағаз ақшаның кенестің белгісі (совзнаки) жүрді. Червонецтер үлкен купюралы ақша болғандықтан тек көтерме шаруашылық айналымында қолданылса, ал кенестік ақша белгілері бөлшек сауда айналымында және бюджеттің жетіспеушілігін толтыруға қолданылды.

Сондай-ақ халықтың уақытша бос ақшасын шаруашылықты өркендетуге бағыттау мақсатында оларды бір жерде шоғырландыру үшін жинаққасалар мен мемлекеттің қамсыздандыру жүйелері кеңінен ашыла бастады. Салық жүйесі салықтың жаңа түрлерін енгізумен нығайтылды.

Халықтың уақыты бос ақшасын тартудың тағы бір әдісі — заттай және ақшалы облигациялық зақымдар шығару кеңінен қолданыла бастады. Облигациялар ақшаға сатылып, ал оларды өтеу ақшамен де, астықпен де жүргізілді заттай салықтарды облысқиямен кеңінен сатып алатын.

Ақша реформасының екінші (аяқтау) кезеңінде, яғни 1924ж. 5 ақпанынан бастап елдің барлық жерінде төлем құралы ретінде пайдаланатын бағасы 1,3 және 5 сом болатын қазыналық билеттер айналымы шығарылды. 10 қазыналық билет 1 червонецке тең, демек 1 сом 0,774г. алтынға тең, червонецтің 1/10 бөлігі. 1924ж. 22 ақпанынан бастап бұрын дайындап қойған бағасы 10, 15, 20 және 50 тиын болатын күміс тиындар және бағасы 1, 2, 3, 5 мыс тиындар айналымға шығарылды. 1947ж. ақша реформасы.

Ақша реформасы 1947 жылдан 16 желтоқсанында басталып:

- 1) біріншіден 1947ж. айналымғы 1947жылғы үлгіден жаңа сом шығарылды.
- 2) ескі қолма-қол ақша жаңа үлгідегі ақшаға 10-ның 1 ге арақатынасымен айырбасталды, ал майда тиындар айырбасталмай, бұрынғы көрсетілген құнымен айналымда қалды.
- 3) ақшаны айырбастауды мемлекеттік банк бір апта мерзімде, ал қайбір алыс аудандарды екі аптада өткізді.
- 4) қолма-қол ақшаы айырбастаумен бір уақытта жинақ қасалары мен мемлекеттік банктің шоттарында айырбасталды.
- 5) 90-шы жылдардың басында бұрынғы КСРО елдерінде экономиканы либерализациялаумен қатар ақша-несие саласында дезинтеграциялық процесстер күшейе бастады. Алғашқы болып 1992 жылы өз валютасын енгізген Прибалтика елдері, Азербайжан, Украина, уақытша ақша белгілері – Молдова, Беларусь. Ресей 1992-ші жылдың аяғында ресей рубльді енгізді. 1993-жылы Қырғызстан да өз валютасын енгізді. 1993-ші жылдың шілде-тамыз айларында Ресейде кеңестің ақшалары өз жүруін тоқтатты және солар жаңа ресейліктерге ауыстырылды. ТМД елдеріне кіретін басқа елдерге ескі ақшаларды жаңа ресейлік ақшаларға ауыстыруды Ресей бас тартты. Сөйтіп бұрынғы ақша жүйесі толығымен өз өмір сүруін тоқтатты.
- 6) Еліміз бастан бері саяси және экономикалық бағытын ТМД елдерінің экономикаларын интеграциялауға ұмтылды. Қазақстан жаңадан рубльдік аймақты енгізуді ұсынып, 1993-ші жылдары жаңа банкнотаның үлгісін да жасап ұсынды. Бірақ бұл ұсыныстар Ресей тарапынан қолдау алынбай, өз жайына қала берді. Сол уақытта басқа елдің ақша бірліктерін (ресейлік рубль)

пайдалану - өз ақша-несие саясатымыздың қолдануымызды шектейтін еді және қолма-қол ақшалардың жетіспеушілігіне әкеліп соқтырды. Сөйтіп сол кездегі жағдайдың өзі республиканы өзіміздің ұлттық валютамыздың енгізуімізді қажет етті.

7) Теңгені енгізбес бұрын алдын-ала дайындық өте үлкен маңызбен жүргізілді, яғни қазақстандық банкнотаның дизайнын жасау, ТМД елдерінің және шетелдік ақша бірлігін енгізу және ақша реформасын енгізу тәжірибесін үйрену және тағы басқалары. Алғашқы болып ұлттық валютаны енгізу мүмкіндігімен дайындау және енгізу бағдарламасы 1992 жылы күзде басталды. Бірақ белсенді жұмыс 1993 жылы 3 қарашадан басталды, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарғысымен ұлттық валютаны енгізу бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комиссиясы құрылды және валютаны енгізу шараларын ұйымдастыратын жұмысшы тобы құрастырылды.

8) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы 1993 жылы 15 қарашадан бастап еліміздің бүкіл территориясында айналысқа енгізілді. Ал 1993 жылдың 19 қарашасынан бастап ұлттық валюта – теңге Қазақстан Республикасының территориясындағы жалғыз заңды төлем құралы болып саналды.

9) Қазақстанда банкілік саланы реформалау бойынша көп жұмыс жасалды, барлық мамандандырылған банкілер акционерлік банкілерге айналды, ал Сбербанк Қазақстан Республикасының Халық банкісіне айналды, ал Ұлттық Банк орталық банкінің қызметтерін атқаратын болды. Ұлттық валютаның енгізілуі Ұлттық Банкінің ақша-несиелік реттеудегі ролін тым көтеріп жіберді, өйткені осы кезден бастап оның өзіндік ақша-несие саясатын жүргізуге мүмкіндігі пайда болды.

10) Ұлттық Банк ақша-несие саласының қызмет етуіне, оның банкілер мен бюджетпен өзара қатынасының классикалық принциптерін енгізуге, банкілердің іс-қимылын реттеу жүйесін күшейтуге толық жауап беретін болды.

11) 1995 жылдың 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарғысымен Қазақстанда банкілік жүйені 1995 жылға реформалаудың алғашқы бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ақша-несие саясатын реттеу құралдары мен әдістері әрі қарай даму үрдісін алды, банкілерді қайта қаржыландыру механизмі біраз өзгерістер алды, ал экономиканы несиелеу қызметі екінші деңгейдегі банкілердің міндетіне көшті.

12) Ұлттық Банк орталық банкілерге тән қызметтерді атқаратын болды: екінші деңгейдегі банкілерді ликвидтілігін қамтамасыз ету үшін несиелеу, және жалпы ақша-несие және валюталық реттеу. 1995 жылдың бірінші жартысында екінші деңгейдегі банкілерге несиелеу аукциондар арқылы беріліп, екінші жартысынан бастап мемлекеттік бағалы қағаздардың екінші нарығында берілетін болды. Сол жылдың қыркүйегінен бастап ломбардтық несиелеу енгізілді.

13) 1997 жылдың желтоқсанынан банкілердің халықаралық стандарттарға көшу туралы Қаулы бекітілді, яғни барлық банкілердің капитал жеткіліктілігінің, актив сапалылығының, менеджмент деңгейінің, бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарға өтуін қарастырады.

14) Банкілік жүйеде банкаралық ақша нарығы жақсы дамыды, ол арқылы банкілер өзінің қысқа мерзімдік қолма-қол ақшаларға қажеттілігін қанағаттандырып, бос қаражаттарын сату мүмкіндігі бар. Банкаралық нарықтың дамуымен банкілер несиені эмиссиялық институттан емес, банк-корреспонденттен қажет кезде алатын болды. Бұл мәміле қарыз алушы үшін арзан болады, өйткені банкаралық орташа несиелік пайыздық мөлшер деңгейі ресми қайта қаржыландыру мөлшерінен әлдеқайда төмен болып табылады.

15) Ұлттық Банк РЕПО операцияларын жүргізу тәртіптерін бекітті, бұл Ұлттық Банкіге ликвидтілікті реттеу үшін жаңа жылжымалы құрал ғана емес, нарыққа қатысушылар үшін қосымша мүмкіндіктер берді. Осы жылы Қазақстанға Fitch IBCA және Standard&Poors рейтингтік агенттіктер арқылы халықаралық несиелік рейтинг берілді, соның артынан еврооблигациялар шығарыла бастап, шетелдік инвесторлардың мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеуі байқалды.

16) 1998 жылы Ұлттық Банк өзінің шектейтін ақша-несие саясаты мен қалқымалы бағам режиміндегі теңгенің айырбас бағамын реттеу іс-шараларын әрі қарай жалғастырды. Ұлттық Банк ақша базасын ресми пайыздық мөлшер, резервтік талаптар нормасын бегілеу, қысқа мерзімдік ноттар шығару, ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен операция және ішкі валюталық нарықта интервенциялар жасау арқылы реттеп отырды.

17) Банкілік депозиттердің пайыздық мөлшерлеріне қайта қаржыландыру мөлшерінің төмендеуі әсер етті, бұл да халық пен мекемелердің бос ақшаларының банкілік депозиттерге ағуына әкеп соқтырды.

18) 1999 жылы әлемдік қаржылық нарықтарда кризистік құбылыстардың күшейюімен және Қазақстанның экспорттық тауардарының конъюнктурасы нашарлауымен Ұлттық Банкінің ақша-несие саясатының басты мақсаттары қаржылық жүйені тұрақтандыру, ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтау және банкілік жүйені күшейту болды.

19) Қаржылық нарықтарда глобалді өзгерулердің себебінен елдің төлем балансының нашарлауына әкеп соқтырды. Өзінің негативті ролін елдің шикізатқа бағытталуы себепкер болды. Жылдың аяғына қарай Ұлттық Банкінің жүргізген ақша-несие саясаты арқылы елдің қаржылық нарығында жағдай біршама дұрысталды.

20) 2000 жылы Қазақстанның экономикасы сыртқы экономикалық жағдайларға байланысты дамып осы жылы сәуір айында теңгенің еркін айырбас қалқымалы бағамы енгізілді. Бұл Қазақстанның экспортының өсуіне, өндірістің өсуіне әкеп соқтырды. Осы кезде шетел валютасының ұсынылуы өсіп, қаржылық нарықтың тұрақталуына әкелді. Ақша-несие саясатының мақсаты инфляцияның болдырмауы, ресми мөлшерлердің нақты минималды оң мәнде сақтау болды.

21) Несиелік саясаттың саласында қайта қаржыландырудың қосымша “терезелері” ашылды, яғни күндізгі қарыз бен “овернайт” қарыздары.

22) 2002 жылы шетелдік сауда және қаржы нарықтарында және ішкі нарықта жалпы экономикалық жағдай жақсарды. Бұл жағдай Ұлттық Банкінің ақша-несие саясаты қаржылық жүйенің барлық сегменттерін күшейту мен

тұрақтылықты сақтауға бағытталып, қаржылық нарыққа көпшіліктің жинақтарын тарту үшін жағдай жасалды. 2000 жылдың желтоқсанында тұрғын үй салу саласында ипотекалық несиелеуді дамыту үшін Қазақстан ипотекалық компания құрылды, негізгі қызметі екінші деңгейдегі банкілерді екінші нарықта ипотекалық облигацияларды орналастыра отырып қайта қаржыландыру.

23)2003 жылы бюджеттің әлемдік бағалардың өзгерісінен тәуелділігін төмендету және болашақ ұрпаққа қаржы қаражаттарының жиналуы үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры толыққанды жұмыс істей бастады, оған шикізат саласының кәсіпорындарының салық түсімдерінің бір бөлігі аударылады. Мемлекеттік инвестициялық іскерліктің тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның даму Банкісі құрылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақша дағдарыстары түсінігі
2. Қазақстандағы ақша дағдарыстарының пайда болу себептері

Семинар тапсырмалары:

1. 1922-1924 жылдардағы ақшалық реформа және ондағы ақша құрамының өзгеруі.
2. 1947 жылғы ақша реформасы және оның экономиканың дамуына тигізген әсері.
3. 1961 жылғы ақша реформасы

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Көшенова Б. А. Ақша. Несие. Банктер. Валюта Қатынастары. Оқу құралы. А-2000 ж.;
2. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Колесникова В. Питер-2001 г.
3. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша,несие,банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;
4. Омирбаев С.М. «Финансы». – Астана, 2003.

Тақырып 4. Қарыз капиталы, пайыз және несие.

Мақсаты: Несиелік қатынастардың пайда болуы және дамуын анықтау, қарыз капиталы және несиелік ресурстар нарығын, қарыз өсімақысының экономикалық мәнін, өсімақы нормасын анықтайтын негізгі факторлар, өсімақы деңгейін, өсімақы төлеу көздерін зерттеу, несие формалары мен несиенің қызметтерін талқылау.

1. Несиелік қатынастардың пайда болуы және дамуы.
2. Қарыз капиталы және несиелік ресурстар нарығы.
3. Қарыз өсімақысының экономикалық мәні. Өсімақы нормасын анықтайтын негізгі факторлар, өсімақы деңгейі. Өсімақы төлеу көздері.

4. Несие формалары.

5. Несиенің қызметтері.

Қарыз алушы кәсіпорынның несие алу арқылы өз өндірісін кенейтуге, ал жеке тұлғаның өз ісін ұлғайтуға не болмаса қажетті заттарды болашақта емес қазір алуға мүмкіндік туады.

Қарыз капиталының пайда болатын ең бірінші көзі - өндірістік капиталдың кайталама айналымында уақытша бөлініп шыққан ақша қаражаты.

Қарыз капиталының жинақталатын екінші көзі - мемлекеттің уақытша бос ақша қаражаты - яғни мемлекеттің резервтік ақша қоры. Ол қор үкіметпен оның жергілікті органдарының жинаған салықтарынан, олардың шығындарының айырмасынан: - ол мемлекеттің өндірістік, коммерциялық және қаржылық іс эрекеттерінен түскен ақша сақтандыру компанияларының, зейнетақы қорларының бос қаражаты.

Қарыз капиталының 3 көзі - халықтың жинағы қажет. Ол күнбе-күнгі қажеттілікке жұмсалмай, болашақтағы жағдайларға немесе ұзақ қолданылатын заттарды, қымбат тауарларды, жылжымайтын мүлітерді сатып алуға сақтап қойған жалақының бір бөлігі.

Қарыз капиталы (қоры) - өндіріс және айналыс қорларының ауыспалы айналысынан уақытша бөлініп шыққан бос ақшасынан және халық пен мемлекеттің ақшалы жинағынан құралады.

Қарыз капиталы-бұл өнеркәсіп капиталының оқшауланған бөлігі. Қарыз капиталының құрылу мүмкіндігі өнеркәсіп капиталының шеңбер айналымымен түсіндіріледі. Шеңбер айналымы процесінде капитал бір мезгілде барлық үш түрде бола алады: ақшалай, өндіргіш және тауарлы. Сондықтан капиталдың белгілі бөлігі тұрақты ақшалай күйде болады және оқшаулануы мүмкін, сөйтіп қарыз капиталының қайнар көзіне айналады.

Қарыз капиталының бірнеше қайнар көзі бар:

1. тауарды өткеру мен жаңасын сатып алудағы уақыттың сай келмеуі;
2. қосымша құн бөлігінің қорлануы, бірақ уақытша өндірісті ұлғайтуға қолданылмайды;
3. амортизациялық қорлардың жабдықтары;
4. амортизациялық төлемдер;
5. жалақыны төлеуге арналған ақшалар;
6. кәсіпорын пайдасы, түсіп тұратын дивиденттер, қарыз пайызы, рента және басқалары.

Жоғарыда аталған, сілтемелердің барлығыда қарыз капиталын құрайды, бірақ капитал қозғалыссыз тұруы мүмкін емес, ол пайда келтіруі үшін міндетті түрде қозғалуы қажет.

Қарыз капиталының қозғалысы: $A-A'$ болып бейнеленеді, мұндағы $A'=A+\Delta a$, Δa -ақшаның өсімі, пайда. Бұл жерде пайда қосымша құнның өзгерген түрі ретінде жүзеге асады. Мұнда пайданың қайнар көзі жасырын түрде.

Ақша қоры үнемі айналыста болуы шарт - ол уақыт үнемдеу заңның талабы.

М-ы: кәсіпкерлер өздерінің бос ақша қаражатын несиені жүйесіне салып, бағалы қағаздар сатып алуға жұмсап не болмаса басқа фирмаларға несиені береді.

Қарыз проценті.

Қарыз проценті - ол уақытша қолдануға берілген құнның өзгеше бағасы болып көрінетін объективті экономикалық категория.

Несие пайдаланғаны үшін төлеген төлем проценттік сома деп атайды.

Қарыз проценті меншік несиенің басқа біреуге белгілі бір күнді уақытша пайдалануға бергенде пайда болады. Қарызға алған күн оны пайдаланушыға - өндірушіге пайда түсіреді., ол бір жағынан, екінші жағынан несиені берушіге табыс (% түрінде болады).

Демек қарыз проценті пайда болу үшін, несиені қатынастары болуы шарт. Қарыз процентінің мәні - ақша капиталын белгілі бір уақытынан кейін қайтарылып беру міндетінен туындайтын экономикалық қатынастар. Несие беруші - ол қарыз процентін алушы, қарыздар - ол қарыз процентін төлеуші.

Қарызға берген күн мына формула мен өрнектеуге болады:

$A - A$ немесе $A^1 - A$ - (дельта) A

A - қарызға берген күн;

A^1 - борыштың өскен сомасы;

(дельта) A — қарызға процент түрінде қосылған өсім.

Процентінің мөлшері (ставка) деген қарыздардың несиені пайдаланғаны үшін несиені берушіге төлейтін ақысы.

Проценттің мөлшері: нақты бекітілген және өзгермелі, номиналды және реалды. дисконтты болып бөлінуі мүмкін.

Нақты бекітілген (есепке алынған) процент мөлшері - ресми процент мөлшері депте атайды. Оны орталық банк банктерге, бірінші кезекті коммерциялық банктерге несиені бергенде қолданады. Бұндай операциялар коммерциялық вексельдерді қайта есепке алу түрінде жүргізілетіндіктен проценттің бұл мөлшерін екінші жағынан несиені қымбаттайтын инфляцияның күшеюіне кедергі жасайды.

Несие беру кезінде келісім-шартта бүкіл несиені пайдалану мерзімінде нақты бекітілген тұрақты немесе өзгермелі процент мөлшері көрсетіледі. Өзгермелі мөлшер - проценттің базистік мөлшерінің өзгеруінен туындайды, оған қарыздың мөлшері мен қайтаруы, мерзімі, қарыздардың қаржылық жағдайы мен оның даму болашағы сияқты факторлар әсер етеді.

Номиналды процент мөлшері, негізінен екі фактордың несиені ресурстарына сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына және инфляцияның қарқыны байланысы туындайды.

Несие – нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілерімен қатар мемлекет те, үкімет те, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады.

Несие пайда болуын өнімдерді өндіру сферасынан емес, олардың айырбас сферасынан іздеу қажет тауар айырбастау – бұл тауардың бір қолдан

екінші қолға өтуін білдіреді десе, шынымен де осындай айырбас кезінде несиеге байланысты қатынас туындайды.

Құнның қозғалысы – бұл несиенің қозғалысының кіндігін сипаттайды. Несиелік қатынастардың пайда болатын экономикалық негізіне капитал айналымын жатқызуға болады.

Көбіне несиені ақша ретінде түсінеді. Бір жағынан қарағанда бұған негіз де бар сияқты. Себебі, қазіргі шаруашылықта қарыз көбіне ақшалай түрде берілуде. Бірақ бұл жерде ақша мен несиенің әр түрлі ұғымды білдіріп, әр түрлі қатынастарды түсіндіретінін естен шығаруға болмайды.

Сонымен қатар несие мен қаржы категорияларын бір санайтындар да аз емес, несие – бұл ақшалай қаражаттың екі жақты қозғалысын, яғни қаражаттың уақытша берілуін және уақыт өткен соң қайтарылуы баяндаса, ал қаржы – сол қаражаттың бір жақты қозғалысын бейнелейді, яғни қаржы: дотация, субвенция, субсидия түрінде берілсе, олар қайтарымсыз сипатқа ие.

Несие – бұл пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға (қарызға) берілетін ссудалық капитал қозғалысы.

Несие ақшалай капиталдың ссудалық капиталға өтуін қамтамасыз ете отырып, несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы несиелік қатынасты бейнелейді. Несиенің көмегімен заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос қаражаттары мен табыстары экономикалық жүйе төңірегінде жинақтала отырып, уақытша және ақылы негізде пайдалануға берілетін ссудалық капиталға айналады.

Несиенің негізгі екі формасының-коммерциялық және банктік несиелер-әрқайсысы ұйымдастыру жағдайларына байланысты бірнеше түрге бөлінеді: тұтыну, лизинг, ауыл шаруашылық, шаруашылықаралық, ипотекалық, мемлекеттік, халықаралық және т.б.

Тұтыну несиесі – ол төлемін кейінге қалдырып, тұтыну тауарларын несиеге сату, несие алушы – халық, ал несие беруші - әртүрлі өндіріс орындары, фирмалар, банктер, мекемелер болуы мүмкін. Тұтыну несиесі коммерциялық несие формасында (яғни бөлшек сауда орындары ақылы төлемін кейінге қалдырып тауар сату) және банктік несие формасында (яғни тұтыну тауарларын сатып алуға ақша беру, ұзақ қолданылатын тауарлар – жиһаз, жеңіл машиналар, тоңазытқыштар, теледидарлар және т.б.) беріледі. Несиенің бұл түрінде банк пен халық арасында делдал да болуы мүмкін. Мысалы, сауда орындары халыққа белгілі бір сомаға тауарды несиеге сатады да, сол сома көлемінде банктен ақшалай несие алады. Тұтыну несиесі жас отбасыларына да (мысалы, егер жастары 30-дан аспаса және үйленгендеріне үш жыл өтпесе) берілген. Мұндай несие кезінде Чехослованияда жоғары оқу орындарының студенттеріне берілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Несиелік қатынастардың пайда болуы
2. Несиені қажет ететін негізгі және айнаымалы қорлардың айналым заңдылығы.
3. Несие қарым-қатынастарындағы субъектілер мен объектілер.
4. Еліміздегі қарыз қорларын құрудағы ерекшеліктер.

5. Тауарлы өндіріс және несиелік қатынастар қарыз өсімақысының дамуындағы негіз.

Семинар тапсырмалары:

1. Экономикалық категория ретіндегі несиенің мәні және оған сипаттама.
2. Тауар өндірісі және қоғамдық ұдайы өндірістің несиелік қатынастардың дамуына тигізетін әсері.
3. Несиенің қайта бөлу қызметі.
4. Уақытша бос ақша қаражаттарын бөлу механизмі

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Көшенова Б. А. Ақша. Несие. Банктер. Валюта Қатынастары. Оқу құралы. А-2000 ж.;
2. Балабанов И.Т. Гончарук О.В. Деньги и финансовые институты. Уч. Пособие. М-2000 г.
3. Валютные отношения. Уч. Пособие под ред. Симионова Ю.Ф. М-2002 г.
4. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Колесникова В. Питер-2001 г.
5. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;
6. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. «Қаржы». – Алматы: 2005.

Тақырып 5. Несиелік жүйе, банктік жүйе. Несиелік мекемелер түрлері.

Мақсаты: Несие жүйесі түсінігі, оның қызмет ету жағдайы, негізгі құрылымдық элементтері және несие мекемелерінің түрлеріне, маманданған қаржы – несие институттары және олардың жұмыс жүргізу ерекшеліктерін, банктік және банктік емес қаржы – несие институттарын, банк жүйесінің типтеріне сипаттама беру.

1. Несие жүйесі түсінігі, оның қызмет ету жағдайы, негізгі құрылымдық элементтері.
2. Несие мекемелерінің түрлері.
3. Маманданған қаржы – несие институттары және олардың жұмыс жүргізу ерекшеліктері.
4. Банктік және банктік емес қаржы – несие институттары.
5. Банк жүйесінің типтері.
6. Екі деңгейлі банк жүйесінің қызмет ету механизмі және құрылымы.

Несие жүйесі - несие қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде жеке және заңды тұлғалардың уақытша бос ақшаларын есеп шотта шоғырландырып, оларды кәсіпорындарға, укіметке және халықтың әр түрлі топтарына қарызға беру.

Несие жүйесінің қызметінен несие қатынастары туындайды.

Несие қатынастардың мазмұны — несие мекемелерінде әр түрлі субъектілердің уақытына бос ақша капиталдарын шоғарландырып және оларды белгілі бір мерзімнен кейін және белгілі бір төлем акымен қайтару үшін бөліп беруді анықтайды.

Өркениетті мемлекеттердің тәжірибесінде несие жүйесі туралы екі түрлі ұғым қалыптасқан: біріншісі – несие-есеп қатынастары, оның түрлері мен несиелеу әдістерінің жиынтығы; екіншісі – несие-қаржы институттарының (мекемелердің) жиынтығы. Несие қатынастары қарыз капиталының қалыптасуымен оның жұмсалыуынан туындап, несиенің барлық формалары мен түрлерін қамтиды. Несие жүйесі несие-қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде жеке және заңды тұлғалардың уақытша бос ақшаларын есепшоттарда шоғырландырып, оларды кәсіпорындарға, үкіметке және халықтың әр түрлі топтарына қарызға береді.

Несие жүйесі мемлекеттің ақша айналымын реттеп, ақша қаражатының экономиканың бір саласынан екінші саласына ауысуын қамтамасыз ету арқылы өндірістің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Несие жүйесінің маңызы мен ел экономикасындағы ролі біраз көрсеткіштермен; атап айтқанда: ақша салымдарының жалпы көлемімен, кәсіпорындар мен мекемелердің негізгі және айналымы капиталын қалыптастырудағы банктік қарыздың үлесімен, жиынтық төлем айналымымен және т.б. сипатталады.

Несие жүйесіндегі өзгерістер.

1) Банк капиталының шоғырлануы мен орталықтануы (ірі банктердің үлесінің өсуі, капиталдарының бірігуінде) ұсақ банктер күйреуі, олардың бір-бірімен қосылуы.

2) Корреспонденттік қатынастар деген несие мекемелері арасындағы келесім бойынша жүргізілетін операциялар, олар төлемдермен есеп айырысуды жүзеге асырады. Корреспонденттік шоттар: «лоро» - олардікі, «ностро» - біздің қаржы деп белінеді.

3) Әр түрлі несие мекемелері арасында бәсекенің күшеюі. М-ы: коммерциялық банктер немесе сақтандыру компаниясы. Өз ара бәсекеге түседі, - нәтижесі, ірі компаниялар ірі мөлшерде несиені оңай алады.

4) Бәсекенің келесі түрі - әр түрі несие - қаржы институттарының арасында туындайды. Мысалы: коммерциялық банктер мен жинақ мекемелерінің арасында жинақты өздеріне тарту үшін.

Бәсекені күшейтетін маңызды фактордың бірі - қаржылық емес корпорациялардың қаржылық қызмет түрлерін атқаруы - бұл мекемелер банк қызметін тек кейбіреуін орындайды, заңды шектеулерге бағынбайды оларды «Банктік емес банк» - олар Дженерал Мотарс, Форд, ИБМ, Америкен экспресс.

АҚШ, Жапония, Германия, Франция т.б. мемлекеттердің ірі банктері халықаралық қаржы концерндеріне айналып элементін әр түрлі елдерінде көптеген несиелік есеп айырысу, инвестициялық операция жүргізеді.

Банктер мемлекет пен кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілік шектеулі серіктестердің, мектептер мен ауруханалардың, институттар мен бала бакшалардың және халықтың уақытша бос ақшаларын шоғырландырып, оларды іс-жүзіндегі капиталға айналдырады. Сонымен қатар банк төлем, есептеу, несие беру, сақтандыру т.б. көптеген сан алуан операциялар жүргізеді.

Банк деген ұғым не, ол қалай пайда болды деген сұраққа жауап іздестірейік. «Банк» - деген ұғым италиян сөзі «Бапк» - орындық, айырбас орындығы, айырбас орны дегенді білдіреді.

Тарихта банктің ең жай қызметі, мысалы, тұқым сатып алуға ақшаны несие алған жағдай жаңа эраға дейінгі 8-5 ғ.ғ. Вавилонда кездескен. Ақшаны несиеге алып ертедегі Египетте, Грецияда, Римде зәулім ғимараттар салған.

Банк ісі - қарыз капиталын жинақтау мен және оны бөлуімен шұғылданатын кәсіпкерліктің ерекше түрі. Кәзіргі кезде банктер көптеген операциялар жүргізеді. Олар ақша айналымы мен несие қатынастарын ұйымдастырумен ға шұғылданып қоймай сонымен қатар банктер арқылы халық шаруашылығын қаржыландыру, сақтандыру операциялары, бағалы қағаздарды сатып алу - сату және делдалдық келісімдер және мүлікті басқару операциялары жүргізіледі.

Банк атқаратын қызметтерін топтастыруға төмендегідей болады:

- 1) Уақытша бос ақша қаражатын тарту, жинақтау, және оны қарыз капиталына айналдыру.
- 2) Кісіпорындарға, мемлекетке, жеке адамдарға несие беру, бағалы қағаздармен операция жүргізу.
- 3) Ақша айналымын реттеу. Банк - әр түрлі шаруашылық субъектерлерінің төлем айналымы жүретін орталық. Банк өзінің есеп айырысу жүйесі арқылы клиенттеріне айырбас, капитал және ақша айналымын жүргізуге мүмкіндік туғызады.
- 4) Айналымға несие құралдарын шығару. Банк клиенттің тек жинаған уақытша бос ақша қаражатымен несиелеп қоймай, сонымен қатар депозиттік чектерді, векселдерді шығару мен несиелейді.
- 5) Экономикалық және қаржылық кеңес беру.
- 6) Орындайтын айырықша қызметтеріне байланысты банктер: эмиссиялық және эмиссиялық емес болып екіге бөлінеді.

Эмиссиялық банк - ол айналысқа ақша белгілерін эмиссиялауға (шығаруға) құқы бар, әдетте орталық банк. Әр елде орталық банк әр түрлі аталады. М-ы бұрынғы КСРО-да ол мемлекеттік деп, әзір Қазақстанда - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі деп аталады. Мемлекеттің Орталық банкінің негізгі мақсаты - айналысқа ақша бірлігін шығару, банктерге ерекше тауар - ақша белгісін сату және банк жүйесінің несие - есеп, эмиссиялық жұмысын басқару. Ол - елдің екі деңгелі банк жүйесінің - жоғары деңгейдегі банк. Мемлекеттің басқа банктердің барлығында ақша белгілерін шығаруға құқы жоқ эмиссиялық емес банктер.

Эмиссиялық емес банктер - олар коммерциялық, инвестициялық, инновациялық, игтотекалық жэпе т.б. банктер. Коммерциялық банктер клиентерге көрсететін қызмет түрлерін үнемі ұлғайтып тұратын эмбебап үлі идегі банк. Ал басқа банктер бір-екі қызмет түріне маманданған банктер.

Инвестициялық және инновациялық банктердін екі түріде ұзақ уақытқа ақша қаражатын шоғырландыруымен маманданады, яғни ұзақ уақытқа ақша қаражатын шоғырландырумен маманданады, яғни олар облигация, акция және басқа бағалы қағаздар шығару арқылы ақша тартып, кейін ұзақ мерзімге қарызға береді. Инвестициялық банктер кэсіпкерлерге қарыз берсе, ал инновациялық банктер технологиялық жаналықтарды өндеуге және оны игеруді несиелейді.

Халықаралық банктер - ұлтаралық және көп ұлттық банктер болып бөлінеді.

Ұлтаралық банктер - ол эмбебап үлгідегі ірі несие қаржы кешендері (шетел кэсіпорындардын кең желісі және валюта, несие операц-ын бақылау)

Ұттық банктер - ол бірсыпыра елдердің ірі банктерінің үлестік жарна төлеу арқылы құрылған халықаралық банктер топтамасы (сыртқы сауданы несиелеу, евровалюта нарығын жүргізумен шұғылданады)

Капиталын кемдеуіне қарай банктер және несие қаржы мекемелері мемлекеттің және жеке болып екіге бөлінеді.

Несие мекемелері клиентерге көрсететін қызмет түрлерін негізге алғанда несие жүйесі 3 элементтен құрылады: орталық банк, коммерциялық банктер, маманданған несие-қаржы институттары.

Орталық банк - мемлекеттің банк жүйесінің бірінші деңгейдегі басты банк, басты эмиссиялық банк. Ол «банктердің банкісі». Ол заңды тұлғалармен операция жүргізбейді, оның клиентері коммерциялық банктер, үкімет мекемелері.

Коммерциялық банктер - банк жүйесінің екінші деңгейдегі банк, негізгі қызметі -халыққа жан-жақты несие — қаржылық қызмет көрсету.

Несие — қаржы институттары алғашқы мекемелері қарыз капиталы нарығында кейбір сұраныстарды қанағаттандыру максатында пайда болды.

Несие - қаржы институттарына құралады.

- 1) жинақ мекемелері
- 2) сақтандыру компаниялары
- 3) зейнетақы қоры
- 4) инвестициялық компаниялары
- 5) қаржы компаниялары
- 6) ақша нарығында өзара қорлар

Жинақ мекемелері - несие жүйесінің көмегінсіз өз алдына капитал ретінде пайдалануға болмайтын ұсақ жинақтар мен табыстарды өзіне жинақтайды.

Нарықтық экономикада несие-банк жүйесі маңызды роль атқарады. Ол арқылы кэсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың ақшалай есеп айырысулар мен төлемдері жүргізіледі, ол уақытша бос ақшалай қаражаттарды, халықтың жинақтары мен табыстарын жұмылдырады және

белсенді түрде жұмыс жасайтын капиталға айналдырады, сондай-ақ көптеген несиелік, сақтандыру, делдалдық, инвестициялық, сенім, кеңес беру және басқа да операцияларды орындайды.

Маманданған несие-қаржы институттары (немесе оларды парабанктік мекемелер деп те атайды) не белгілі бір клиенттерге қызмет көрсетеді немесе бір-екі қызмет түрін меңгереді. Ол мекемелер бір жағынан клиенттердің несие-сеп операцияларын жүргізіп Орталық банктің талаптарын орындаса, екінші жағынан қаржы, сақтандыру, инвестициялық және т.с.с. операциялар орындауымен сол салалардың бақылауымен қызмет жасайды.

Бірсыпыра мемлекеттерде маманданған несие-қаржы институттарына: жинақ мекемелері, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар, қаржы компаниялары, ақша нарығындағы өзара қорлар жатады.

Банк - өзінің жарғысы бар, толық шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру негізінде қызмет жасайтын заңды тұлға. Ол ақша қаражатын тарту, орналастыру және басқа банктік операциялар жүргізетін мекеме.

Қазақстанда жаңа банк жүйесін қалыптасу және даму кезеңдері

1930 жылға дейінгі банк жүйесі	19*30-1987жж. (Одақтық бір деңгейлі банк жүйесі)	1988-1990жж. (Одақтық бір деңгейлі маманданған банк жүйесі)	1991 жылдан бастап (дербес екі деңгейлі банк жүйесі)
Ресей Мемлекеттік банкі және көптеген несие-банк мекемелері	1. КСРО Мембанкі (оның ішінде КСРО Мемлекеттік еңбек жинақ кассалары жүйесі). 2. КСРО Мемлекеттік Құрылыс банкі 3. КСРО Сыртқы-сауда банкі.	1. банк жүйесін қайта ұйымдастыру:КСРО Мембанкі және Маманданған банктер: КСРО Өнеркәсіп құрылыс банкі. КСРО Агроөнеркәсіп банкі. КСРО Тұрғын үй әлеуметтік банкі. КСРО Жинақ банкі. КСРО Сыртқы –эконом банкі. 2. Жаңадан кооперативтік және коммерциялық банктердің құрыла бастауы.	1.Егемен Қазақстанда өзінің банк жүйесінің құрылуы. Екі деңгейлі банк жүйесі – Ұлттық банк және коммерциялық банк.

Бақылау сұрақтары:

1. Несие жүйесі мәні мен қызмет етуі
2. Маманданған қаржы – несие институттары
3. Банктік мекемелердің түрлері.
4. Екі деңгейлі банктік жүйе.

Семинар тапсырмалары:

1. Банктік мекемелердің түрлері.
2. Эмиссиялық және эмиссиялық емес банктер, олардың ұйымдастырылу ерекшеліктері мен құқықтық формалары.
3. Эмиссиялық емес банктер.
4. Әмбебап және операциялардың кейбір түрлеріне маманданған банктер

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Ақша айналысы және несие Мақыш С.Б. Алматы-2002
2. Деньги, кредит, банки Учебник под ред. Профессора Г.С.Сейткасымова, Алматы: Экономика, 1998.
3. Ақша . Несие . Банктер . Валюта қатынастары Көшенова Б. А. Оқу құралы – Алматы : Экономика , 2000 ж.
4. Межбанковский кредитный рынок Гугнин В/тв.п/2005
5. Международные валютно-кредитные отношения Гусаков Н/тв.п/2006
6. Международные финансы Федякина Л/сер Академия финансов/тв.п/2005

Тақырып 6. Мемлекеттің Орталық банкі , оның қалыптасуы мен дамуы.

Мақсаты: Орталық эмиссиялық банктердің пайда болуын, орталық банктің негізгі қызметтері және міндеттерімен, Қазақстан Республикасының орталық банкі - Ұлттық Банктің құрылымымен таныстырып, түсіндіру.

1. Орталық эмиссиялық банктердің пайда болуы, түрлері.
2. Ұлттық Банк – Қазақстан Республикасының орталық банкі.
3. Орталық банктің негізгі қызметтері мен міндеттері.
4. Экономиканы реттеуде ақша-несие саясатын жүргізу.

Ұлттық банкінің басқару құрылымы мен қызметін ұйымдастырудың басқа да мәселелері « ҚР –ның Ұлттық банкі туралы » Заңы және « Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы » ережесі негізінде анықталады.

Ұлттық банкі өзінің қызметтерін орындауы үшін басқарма, директорат, бас аумақтық және облыстық басқармалармен қатар, басқа да жергілікті құрылымдық бөлімшелері бар.

Ұлттық банкінің ең жоғарғы басқару органы Ұлттық банк төрағасымен басқарылатын басқарма болып табылады. Басқарма 9 адамнан тұрады. Оның құрамына - Ұлттық банк төрағасы, оның 4 орынбасары, Парламент пен Президенттің бір-бір өкілі және Қазақстан Министрлер Кабинетінің екі өкілі кіреді. Басқарма мүшелері ҚР Президентімен бекітіледі. Басқарма мынадай сұрақтарды шешеді:

- мемлекеттік ақша – несиелік саясатын жасайды;
- Ұлттық банк шығарған, банктер ісіне қатысты нормативтік актілерді бекітеді;
- Парламент бекіткен тұжырым негізінде банкноталар мен монеталардың номиналдық құнын және әшекейлік пішінін бекітеді;
- Ұлттық банктің банктермен және ҚР –ның бюджетімен операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемесін бекітеді;
- ҚР –ның валюталық айырбас бағамын анықтау тәртібін белгілейді;
- сыртқы резервтерде сақтауға алатын сыртқы активтер типтерін бекітеді;
- Ұлттық банкінің жұмысы туралы есеп береді, жылдық жиынтық балансты қарастырады;
- Ұлттық банк туралы Ережені, Ұлттық банк құрылымын бекітеді және Ұлттық банк департаменттерінің директорларын тағайындайды;
- банктер және олардың филиалдары үшін экономикалық нормативтерін бекітеді.

Басқарма шешімдерін басқарма қаулылары формасында жүзеге асырады.

Басқарма мәжілісі қажет кездерде немесе айына бір рет өткізіледі.

Кезектен тыс мәжілістер Ұлттық банк төрағасының немесе басқарманың үш мүшесінің талабымен өткізіледі.

Ұлттық банк төрағасы ҚР Президентінің ұсынуымен алты жылға сайланады.

Ұлттық банк төрағасы Ұлттық банк атынан және сенімхатсыз мемлекеттік органдармен, банктермен, несиелік, халықаралық және басқа ұйымдармен қатынастарда жұмыс істейді.

Ұлттық банк төрағасы Ұлттық банк қызметі бойынша шұғыл және атқарушы - бұйырушы шешімдер қабылдауға, Ұлттық банк атынан келісімшарттар жасауға өкілетті. Бірақ, бұған басқармаға берілген өкілеттіліктер кірмейді.

Ұлттық банк төрағасы басқарманы, директорлар кеңесінің қызметін басқарады және Ұлттық банкіге жүктелген жұмыстар үшін жауап береді. Ол басқарма мүшелеріне және директорлар кеңесі мүшелеріне жеке өкілеттіліктер бере алады. Ұлттық банк төрағасы уақытша жоқ кезде, оның қызметін орынбасарларының бірі атқарады.

Ұлттық банк төрағасы Президентке екі ай бұрын жазбаша өтініш жазып жұмыстан босатуын сұрай алады. Ол Президенттің ұсынысымен орнынан босатылады.

Ұлттық банкінің жедел басқару органы - Директорлар кеңесі, ол Ұлттық банк төрағасымен басқарылады.

Директорат, «ҚР –ның Ұлттық банкі туралы» Заңға сәйкес Ұлттық банкінің қарауындағы, төрағаның және басқарма қарауындағылардан басқа барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Директорат құрамына - төраға, оның орынбасарлары және департамент директорлары кіреді. Ұлттық банкінің орталық аппараттарында келесідей: ақша – несие операциялары, Банктік қадағалау, халықарлық қатынастар, эмиссиялық - кассалық операциялар, ақпараттық технологиялар, бухгалтерлік есеп және бюджет, ішкі қызмет, зерттеулер және статистика, ішкі аудит, есептеу жұмыстары, төлем жүйелері, шетелдік операциялар, заң департаменттері және дербес басқармалар бар.

Ұлттық банк өзінің негізгі қызметтерін жергілікті жерлерде өзінің облыстық басқармалары, Алматы бас филиалдың құқықтарын пайдаланады және Ұлттық банк атынан қызмет етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің құрылымы.
2. Ұлттық Банктің жоғарғы басқару орындарын құру тәртібі.
3. Экономиканы реттеуде ақша-несие саясатын жүргізу.

Семинар тапсырмалары:

1. Орталық банктің басқару ұйымы.
2. Басқарма. Директорлар кеңесі.
3. Ұлттық Банктің жоғарғы басқару орындарын құру тәртібі.
4. Заң статусы және есеп беруі

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банк операциялары» Алматы-2002
2. Казимагомедов А.А., «Банковское обслуживание населения: зарубежный опыт», Москва – Финансы и статистика, 1999г.
3. Лаврушина О. И., «Банковское дело», Москва – Финансы и статистика, 1999г.
4. Сейткасимов А. С., «Банковское дело», Алматы – Қаржы-Қаражат, 1998г.

5. Абдильманова Ш.Р., «Банковский маркетинг на рынке услуг населению», Алматы – 2000г.
6. Жуков Е.Ф., «Деньги, кредит, банки», Москва – 2000г.

Тақырып 7. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің функциясы мен операциялары

Мақсаты: Ұлттық Банктің табыстары мен шығыстарын, банк операцияларын лицензиялау механизмін талдау, банктің қызметі мен филиалдар мен бөлімдерді ашудағы, құрылымдарды құрудағы шектеулерді атап көрсетіп, түсіндіру.

1. Ұлттық Банктің активтік және пассивтік операциясына қысқаша мінездеме.
2. Орталық банктің табыстары мен шығыстарының құрылымы.
3. Ұлттық және шетел валюталарындағы несиелік және басқа да банк операцияларын лицензиялау механизмі.
4. Банктің қызметі мен филиалдар мен бөлімдерді ашудағы, құрылымдарды құрудағы шектеулер.

Ұлттық банк «ҚР –ның Ұлттық банкі туралы» Заңға сәйкес мынадай қызметтер мен операцияларды орындайды:

- айналыстағы ақша массасының көлемін реттеу жолымен Қазақстан Республикасында мемлекеттік ақша –несие саясатын жүргізеді, ҚР –сы аумағында банкноталар мен монеталарды айналысқа шығарушы жалғыз эмитент болып табылады;

- кепіл берушісі Үкімет болып табылатын ҚР –ның ішкі және сыртқы қарызына қызмет көрсетуге қатысады;

- ҚР –сы аумағында еншілес банк ашуға рұқсат береді;

- ҚР –сы аумағында, одан тыс жерлерде банк филиалдарын, өкілдіктерін ашуға келісімін және банк операцияларын жүргізуге лицензия береді;

- банктердің бағалы қағаздар эмиссиясы жобасының, оның тіркелуіне дейін өзі белгілеген тәртіппен міндетті сараптауын жүргізеді;

- ол банктерге несие беруге, банктердің қарыз капиталы нарығындағы ашық позициясына бақылау жасауға құқылы. Банктерге соңғы сатыдағы несие беруші болады, қайта қаржыландыру саясатын жүргізеді;

- банктердің жұмысына және шетелдік валютаны сатып алу, сату және айырбастау ұйымдарына бақылау мен қадағалау жүргізеді, әрі пруденциалдық нормативтер белгілейді;

- ҚР –да ресми мөлшерлемелерді өзгерту арқылы банктік пайыз мөлшерлемелерінің деңгейін реттеуді жүргізеді;

- ҚР –да информациялық процестерді ақша –несие реттеуі әдістерімен бәсеңдете алмаған жағдайда Ұлттық банк банктердің операциялары бойынша несиелік салымдарды шектеу және пайыз мөлшерлемелерін өзгертуге құқықтар береді;

- Қазақстан Республикасында есеп айырысу тәртібін, жүйесін және нысандарын анықтайды, қазақстандық теңгемен банкаралық есеп айырысулардың мезгілінде және үзіліссіз жүргізілуін қамтамасыз ететін жүйенің жұмыс істеуін ұйымдастыруы тиіс;

- Қазақстан Республикасында валюталық реттеумен валюталық бақылауды жүзеге асырады және валюталық операциялардың барлық түрін жүргізуге құқылы;

- банк ісі, есеп, есеп айырысу, валюталық операциялар жүргізу бойынша банктерге, валютаны сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүзеге асыратын мекемелерге және олардың клиенттеріне орындауға міндетті нормативтік актілер шығарады, сонымен қатар, олардың орындалуын бақылайды;

- бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету үшін банктерге, шетелдік валютаны сатып алу, сату, айырбастаумен айналысатын ұйымдарға бухгалтерлік, статистикалық, т.б. есеп берудің тізімін, формасын және мерзімін бекітеді;

- егер заңды актілермен басқалары қарастырылмаса, ҚР –ның Үкіметімен келісіп, банктердің және т.б. шаруашылық субъектілерімен жүзеге асырылатын есеп айырысу, ағымдағы бюджеттік және т.б. шоттардан төлем жүргізу кезегін, есеп айырысуларды реттеу мақсатында бекіте алады;

- Ұлттық банкіге жүктелген функцияларды жүзеге асыруға көмектесетін ұйымдарды құруға және оларды басқаруға қатысуға құқылы;

- қолма –қол банкноталар мен монеталарды есепке алу, сақтандыру, тасу және инкассациялау ережелерін бекітеді, банкноталар мен монеталарды тасуды, сақтандыруды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, банкноттар мен монеталардың мемлекеттік резервтік қорларын құрады;

- Қазақстан Республикасы банктердің жиынтық балансын құрады және тұрақты түрде жариялайды;

- ішкі және сыртқы активтер бойынша болжамды есептер шығарады;

- ақшалай қаражаттардан есепке алуда қате кеткенде немесе қолдан жасалған құжаттар бойынша есепке алынған қаражаттар анықталған жағдайда клиенттедің және банктердің шоттарынан ақша қаражаттарын сөзсіз шегеру құқына ие;

- Қазақстан Республикасындағы банктер жүйесіне кадрларды дайындауға қатысады;

Сирек жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаттары арқылы қаржыландыратын несиелік – есеп айырысу және ұйымдардың кассалық қызмет көрсетуімен байланысты операциялар жүргізеді.

ҚР –ның заңдарына сәйкес болатын т.б. қызметтер атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлттық Банктің қызметі?
2. Банктің құнды қағаздарды сатып алу-сату бойынша жүргізетін операциялары – ашық нарықта жүргізетін операциялары.
3. Банктің қызметі мен филиалдар мен бөлімдерді ашудағы, құрылымдарды құрудағы шектеулер.

Семинар тапсырмалары:

1. Ақша несие саясатының типтері.
2. Селективтік саясат және оларды қолданудың тиімділігі.
3. Ұлттық Банктің сыртқы экономикалық қызметі және алтын валюта резервтерін басқаруы.
4. Ақша айналымын басқарудағы құралдар және олардың қызметтері

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншалықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Хамитов . Н. Н. – « Банк ісі » . Алматы : 2006 ж .
2. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банк операциялары» Алматы-2002
3. Казимагомедов А.А., «Банковское обслуживание населения: зарубежный опыт», Москва – Финансы и статистика, 1999г
4. Банковское дело Глушкова Н/тв.п/2005
5. Банковское дело: современная система кредитования Лаврушин О/мп/2006
6. Безопасность банковских систем Ярочкин В/мп/2004

Тақырып 8. Коммерциялық банктердің қызмет етуін ұйымдастыру негіздері, коммерциялық банктердің активтік және пассивтік операциялары.

Мақсаты: Коммерциялық банктердің ұйымдық құрылымы. Банктің негізгі атқаратын қызметтерін, банктің қызмет етуін қалыптастыру, қайта ұйымдастыру және тоқтату тәртібін ашып көрсету, банктердің активтік және пассивтік операцияларына анықтама беру.

1. Коммерциялық банктердің құқықтық негіздері. 1995ж 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар «Банктер және банктердің қызмет етуі туралы» жарлығы.
2. Банктің негізгі қызметтері. Банктің қызмет етуін қалыптастыру, қайта ұйымдастыру және тоқтату тәртібі.
3. Банктердің активтік және пассивтік операцияларына қысқаша мінездеме. Пассивтік операциялар.
4. Банктердің жеке қаражаттарын құрудың әдістері.

Коммерциялық банктердің негізгі атқаратын қызметтері:

- a. ақша қаражатын шоғырландыру және тарту;
- b. несие беру;
- c. шаруашылықтармен есеп және төлем жұмыстарын жүргізу;
- d. төлем құралдарын шығару;
- e. бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру;
- f. сенімхат бойынша клиенттердің мүлкін басқару (яғни траст операциясын жүргізу);
- g. клиенттерге кеңес беру.

Банк активтері - пайда табу мақсатында банктік ресурстарды әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары.

Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды. Активтердің сапасы активтік операциялардың түрлендіруші, тәуекелді активтерінің көлеміне, толық құны жоқ активтердің көлеміне және активтердің өзгеріске ұшырауы белгілеріне қарай анықталады. Коммерциялық банктің активтерін мынадай төрт топқа бөлуге болады:

- 1) касса және оған теңесетін ақшалай қаражаттар
- 2) несиелер
- 3) бағалы қағаздарға жұмсалынған инвестициялар
- 4) банктік ғимараты мен жабдықтары

Активтердің сапасы олардың өтімділігіне, тәуекел активтердің көлеміне, табыс әкелуіне қарай анықталады.

Банк өзінің міндеттемелерін күнделікті орындап отыруын қамтамасыз етуі үшін активтердің құрылымы өтімділіктің, қоятын талаптарына сәйкес келуге тиіс. Осы мақсатта банк өзінің активтерін, олардың өтелу мерзімдеріне байланысты және өтімділік дәрежесіне қарай жіктейді. Өтімділігіне қарай банк активтері мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) жоғарғы өтімді активтер
- 2) өтімді активтер
- 3) ұзақ мерзімді

Жоғарғы өтімді активтер мыналар жатады: Кассадағы қолма-қол Орталық банктегі қоршоттағы қаражаттар Мемлекеттік қарыздық міндеттемелері - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мүше елдер, яғни бейрезиденттердің банктердегі тұрақты валютада салынған қоршоттағы қаражаттар - Ішкі валюталық облигациялық заемдарға салынған қаражаттар

Банктің бұл қаражаттары банктің айналымынан қажет уақытында алуға мүмкіндік беретін активтерге жатады.

Банктің өтімді қаражаттарының құрылымына жоғарыда аталғандарынан басқалары, яғни қайтару мерзімі 30 күнді құрайтын, шетел валютасында берген барлық несиелер, алдағы 30 күн ішінде аталған банкке келіп түсуге тиісті басқа да төлемдер жатады.

Ұзақ мерзімді өтімді активтерге бір жылдан жоғары уақытқа берілген несиелердің бәрі, сондай-ақ кепілхат және кепілдікпен 1 жылдан жоғары уақытқа берілген несиелер, үкімеггің кепілхатымен, бағалы қағаздарды және бағалы металдарды кепілге алып берілген несиелерді шегеріп тастағандағы мерзімі өткен несиелер.

Активтердің тиімді құрылымын жасай отырып, банктер өтімділікке қойылатын талаптарды орындауға тиіс, демек, олардың жоғары өтімді активтері міндеттемелердің мерзіміне, сомаларына және типтеріне сәйкес келуі керек.

Банк активтерін, олардың өтімділігі мен пайдалығына қарай 4 топқа бөлінеді:

1 топ. Алғашқы резервтер - бұл алынатын салымдарды төлеуге және несиеге деген етіністі қанағаттандыру үшін тез арада пайдаланатын ең өтімді активтер.

Мұндай активтерге мыналар жатады:

а) касса

б) орталық банктегі корршоттағы және өзге де шоттағы ақшалай қаражаттар

в) инкассиялау процессіндегі чектер және өзге де төлем құжаттары

г) басқа да коммерциялық банктерлегі қор шоттағы қаражаттар

Мұндай активтер банкте табыс әкелмейді, бірақ банктің өтімділігін негізгі көзі болып табылады.

2 топ. Екінші реттегі резервтер - бұл банкке шамалы ғана табыс әкелгенімен де жоғары өтімді активтер қатарына жатады. Себебі, оларды ең төменгі тәуекелмен, кішкене ғана кішіктіріп, қолма-қол ақшаға айналдыруға болады. Оларға мыналар жатады:

- векселдер және өзге де қысқа мерзімді бағалы қағаздар;

- талап етілетін несиелер


- бірінші классты қарыз алушыға берілетін несиелер

Бұл топтың активтерінің тағайындалуының басты мақсаты — алғашқы резервтерді толықтыру көзі ретінде қызмет ету болып табылады.

3 топ. Банктік активтердің маңызды бөлігі - банктің несиелік портфелі. Банктің несиелері біршама табысты және ең тәуекелді болып келеді. Бұл топ банктің пайдасының басты көзін құрайды.

4 топ. Инвестициялық портфель жатады. Инвестициялық портфельді қалыптастыру екі мақсатты көздейді: банкке табыс әкелу және ұзақ мерзімді бағалы қағаздардың өтелу мерзімінің жақын қалуына байланысты, сондай-ақ оларды қысқа мерзімге айналдыруға екінші реттегі активтерге қосымша ретінде болу.

Коммерциялық банктің ұйымдық құрылымының типтік үлгісі



Банктің жинақтаған ресурстарын табыс табу және өтімділігін қамтамасыз ету мақсатымен орналастыруын актив операциялары деп атайды. Актив операциялар негізінен төрт топқа бөлінеді:

1. Несие- есептеу операциясы (несиелік портфель қалыптасады)
2. Инвестициялық операциясы, ол инвестициялық портфельдің негізін құрайды.
3. Кассалық және есептеу операциялары - банктің клиенттерге көрсететін қызметтерінің бірі.
4. Басқа операциялары.

Банк ресурсы - бұл банктің пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтің операциялары бойынша банк өтімділігінің қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Пассивтік операциялар негізінде банктің ресурстары жинақталады. Сондықтан да пассивтік операциялардың коммерциялық банктер қызметіндегі рөлі жоғары.

Қаржы және несие сөздігінде : «пассивтік операциялар – бұл несиелік және активтік операцияларды жүзеге асыруға арналған банктің өз ресурсын құру операциялары», - делінеді.

Пассивтік операциялар – олар өз қарауына әр түрлі салымдарды тартып, басқа банктерден несие алып, өзінің бағалы қағаздарын шығарып және с.с. басқа да қаражат тарту операцияларын жүргізіп, банк қорын құру және оны ұлғайту операциялары. Олар банк балансының пассивінде көрсетіледі. Пассив операциялары тарихи дәстүр бойынша актив операцияларына қарағанда алдымен жүргізіледі, себебі актив операцияларын жүргізу үшін белгілі бір қор мөлшері қажет.

Пассивтік операциялар – бұл нәтижесінде пассивтік шоттағы немесе активті-пассивтік шоттағы қаражаттардың өсуін, яғни пассив пен активтің арту формасын білдіретін операцияларды сипаттайды.

Пассивтік операциялардың көмегімен банктер нарықтан несиелік ресурстарды сатып алады.

Пассивтік операциялардың мынадай формалары болады:

- коммерциялық банктердің бағалы қағаздарды алғашқы эмиссиялауы;
- банк пайдасынан капиталдарды немесе қорларды ұдғайту және құру;
- басқа да заңды тұлғалардан несиелер алуы;
- депозиттік операциялар.

Банктің жинақтаған ресурстарын табыс табу және өтімділігін қамтамасыз ету мақсатымен орналастыруын актив операциялары деп атайды.

Актив операциялары негізінен төрт топқа бөлінеді:

- несие-есептеу операциясы, оның нәтижесінде банктің несиелік портфелі қалыптасады;
- инвестициялық операциясы, ол инвестициялық портфельдің негізін құрайды;
- кассалық және есептесу операциялары – банктің клиенттерге көрсететін қызметтерінің бірі;
- басқа операциялар.

Бақылау сұрақтары:

1. Коммерциялық банктердің құқықтық негіздері.
2. Коммерциялық банктердің қызметі?
3. Банктердің активтік операциялары. Несиелік құнды қағаздармен және вексельмен байланысты операциялар.
4. Коммерциялық банктердің табыстары мен шығындары деңгейіне әсер етуші факторлар.

Семинар тапсырмалары:

1. Банктердің пайдасының құралу әдістері мен құрылымы.
2. Коммерциялық банктердің табыстары мен шығындары деңгейіне әсер етуші факторлар.
3. Банктердің өтімділігі және оны анықтайтын факторлар.
4. Банктерге лицензия беру түсінігі.
5. Банктердің пайдасы. Банк пайдасы көздері.
6. Несиелік линия түсінігі

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Колесникова В.И., Кроливицкой Л.П., «Банковское дело», Москва 2000г.
2. Хамитов . Н. Н. – « Банк ісі ». Алматы : 2006 ж .
3. Банковское дело. Курс лекций Жарковская Е/мп/2006
4. Банковское дело. Управление и технологии Тавасиев А/тв.п/2005
5. Банковское дело: современная система кредитования Лаврушин О/мп/2006
6. Безопасность банковских систем Ярочкин В/мп/2004

Тақырып 9. Банктік практикасындағы тәуекелдер.

Мақсаты: Тәуекел түсінігін, банк тәжірибесіндегі тәуекелдердің түрлерін анықтап түсіндіру.

1. Банк тәжірибесіндегі тәуекелдердің жіктелуі.
2. Тәуекелден сақтану жолдары және оның қоғамға тигізетін әсері.
3. Несиелік тәуекелдер.

Банкілік операцияларды басқару дегеніміз– іс жүзінде банкілік қоржынға байланысты,яғни банк кірісін қамтамасыз ететін активтер жиынымен байланысты тәуекелді басқару.

Қаржылық тәуекел қаржылық шешім қабылдауға байланысты тәуекелдің кең ауқымын қамтиды.Тәуекелдің басқа да осындай түрлері сияқты оған кредиттік тәуекелдің тұжырымдамасы да жатады.Соңғылардың ішіне пайыздық тәуекелдер,салалық тәуекелдер,халықаралық тәуекелдер,валюталық тәуекелдер,қарсы жақтардың өз міндеттерін орындау тәуекелі енеді.

Кредиттік тәуекелдер. Кредиттік тәуекел немесе қарызды қайтармау тәуекелі – борышкердің кредиттік міндеттемелерін мерзімі мен шарттарына байланысты өзінің міндеттерін орындауға қабілетті және орындайтынына кредит берушінің сенімсіздігі ретінде анықталуы мүмкін.

Операциялық тәуекел қателіктер, алаяқтықтар, уәкілеттіктерді теріс пайдалану, дилерлердің, кредит қызметкерлерінің және басқалардың негізсіз тым жоғары тәуекелдерінің себептері қаржылық шығыстарға алып кетуі мүмкін ішкі бақылау ережелерін сақтамауымен және корпорациялық басқарудағы қателіктерімен байланыста болады.

Құқықтық тәуекелге жеткілікті мөлшерде активтер берілмеген жағдайда және біліксіз құқықтық кеңестер мен құжаттарды қате жүргізудің нәтижесінде активтердің құны төмен, ал міндеттердің көлемі жоспардағыдан біршама көп болуымен байланысты тәуекелдер енеді.

Репутация тәуекелі - операциялық қателіктер, банкінің заң талаптарына және басқа да құқықтық актілерге сай келмеуімен және басқа да себептермен сенімді банкі өзінің беделін (репутациясын) жоғалтып алуымен байланысты.

Салалық тәуекел - саланың басқа салалармен салыстырғанда және абсолюттік мағынада экономикалық және қаржылық жобада қызметінің тұрақсыздық деңгейі. Саланың тұрақсыздығы неғұрлым жоғары болса, тәуекелдің деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Мемлекетаралық тәуекелдер банкілердің әлемдік қаржы нарықтарына шығу процесімен байланысты және гран-клиенттердің немесе контрагент елдердің, импорттаушылардың немесе экспорттаушылардың экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылығына тәуелді болады. Халықаралық тәуекелдер фирмалар мен басқа қарыз алушылардың елінің сыртқы қарыз міндеттемелері бойынша жауап беруіне әсер ете алатын деңгейіндегі елдегі ағымдағы немесе болашақтағы саяси және экономикалық жағдайлардың өзгеру тәуекелі.

Аударым тәуекелі экономикалық тәуекелдің субкатегориясы, ол елде айырбасталатын валюталардың болуымен және кесте бойынша сыртқы қарыздық төлемдерге қысқы мерзімде қызмет көрсете алу мүмкіндігімен анықталады. Аударым тәуекелі - сыртқы сауда мен инвестицияға байланысты болған өтімділіктер проблемасы үшін қарызды өтеуді тоқтата тұру мүмкіндігі.

Несие тәуекелділігі – қарыз алушының өз қаржылық міндеттемесін орындамағанына байланысты орын алатын банк ссудасы бойынша төлемеу қатері.

Ол ссуда портфелінің сапасымен тікелей байланысты. Несие тәуекелінің үш түрін бөліп көрсетуге болады: теріс пайдалану қатері; шетелдік несие бойынша тәуекелділік; ішкі қарыз бойынша төлемеу қатері, яғни қарыздың қайтарылмай қалу қаупі. Теріс пайдалану - біздің республикамызда 1991-1993 жылдар аралығында орын алған банктердің үмітсіз берешегінің ең көп тараған себебі. Теріс пайдалану қатері банк жүйесінде 80-жылдары кезінен тарады. Бұл қатердің түрінен АҚШ-тағы барлық банктердің жартысынан көбісі банкротқа ұшырады.

Шетелдік несие бойынша қатері әсіресе 70-жылдары дамыған елдердегі қарыз алушылар несиесі бойынша төлемдердің жаппай кешіктірілуімен байланысты орын алады. Бұл АҚШ-тың бірталай аса ірі банктерінің банкротқа ұшырауына себеп болды.

Ішкі қарыз бойынша төлемсіздік қарыз алушының төлем қабілетсіздігін тудыратын барлық факторлар есебінің қиындығымен байланысты.

Өтімділік тәуекелділігі. Ол қаржылық активтердің төлем қаражатына жылдам айырбасталуының ысырапсыз жүзеге аспайтынымен байланысты, яғни баланс активі мен пассивінің балансталмауынан ысыраптың болу қаупі. Банктер өтімділікті қамтамасыз етудің - ішкі және сыртқы екі түрін қолданады.

Ішкі өтімділік – бұл жылдам өтетін активтер. Ол үшін нарық тұрақты болуы керек. Бұл нарық инвестор үшін ақшаны орналастырудың сенімді объекті болып табылады. Бұған мемлекеттік бағалы қағаздар-1,3,6,9 ай мерзіміне арналған қазынашылық вексельдер жатады.

Сыртқы өтімділік банктердің өтімді қаражат қорын арттыратын активтерді банктердің нарықта сатып алу қамтамасыз етілуі мүмкін.

Валюталық қатер – шетелдік валютаның ұлттық валютаға қатысты бағамның өзгеруімен байланысты валюталық ысырап қатері. Валюта қатері бір ғана валюта бағамының әр түрлі валюта нарықтарында сәйкеспеуінен немесе уақыттың әр түрлі сәтіндегі валюта бағамдарының айырмашылығынан пайда болатын алып-сатарлық табысты алуға ұмтылатын банктерде жоғары болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Банктердің тәуекелділіктерінің классификациясы.
2. Тәуекелділіктерді басқару әдістері.

Семинар тапсырмалары:

1. Валюта тәуекелі
2. Өсімақы тәуекелі
3. Баланстанбаған өтімділік тәуекелі

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банк операциялары» Алматы-2002
2. Казимагомедов А.А., «Банковское обслуживание населения: зарубежный опыт», Москва – Финансы и статистика, 1999г.
3. Лаврушина О. И., «Банковское дело», Москва – Финансы и статистика, 1999г.
4. Сейткасимов А. С., «Банковское дело», Алматы – Қаржы-Қаражат, 1998г.
5. Безопасность банковских систем Ярочкин В/мп/2004
6. Жуков Е.Ф., «Деньги, кредит, банки», Москва – 2000г.

Тақырып 10. Жалған капитал және оның формалары. Қор биржасы

Мақсаты: Бағалы қағаз түрлерін, ерекшеліктерін, қор биржасының пайда болуы мен дамуы, қызметі мен мақсатын анықтап түсіндіру.

1. Жалған капитал түсінігі.
2. Құнды қағаздар жалған капиталдың формасы ретінде.
3. Құнды қағаздардың түрлері. Құнды қағаздар эмиссиясының тәртібі.
4. Қор биржасының пайда болуы мен дамуы.
5. Қор биржасы мүшелерінің міндеттері мен құқықтары.

Бағалы қағаздар орта ғасырлардан бері қарай қолданыла бастады. Сол кезеңде ұлы географиялық жаңалықтардың ашылуымен байланысты сауданың аясы кеңіді, ал осы мүмкіндіктерді пайдаланып қалғысы келген кәсіпкерлердің ірі капитал сомасына деген қажеттілігі туды. Оның үстіне теңізден шалғай рынок пен шикізат көзін игерумен байланысты орын алтын шығындарды жекелеген адамдар көтере алмайтын да еді. Нәтижесінде ағылшын, голландық компаниялары акционерлік қоғамы Ост-Индия, Грудзон бұғасы компанияларымен сауда жасаумен байланысты дүниеге келді. Міне осылар бағалы қағаздарды бірінші шығарған ірі компаниялар болды. Олардың акциялары күні бүгінге дейін Лондон мен Торонто биржаларында сатылуда. 16-17 ғғ. Англиядағы акционерлік компаниялар капиталды көп қажет ететін көмір өндірісін қаржыландыру үшін де ұйымдасқан болатын.

Сол кездегі Лондондық брокерлер келісімді тікелей көшеде немесе кафелерде жасаған. Осыдан да болар «көше» рыногы деген атқа ие болуы. Өнеркәсіп төңкерісінің басталуы, ірі өңдеуші өнеркәсіп орындарының құрылуымен байланысты акцияны сату кең өріс алды. Бұған жауап ретінде лондондық брокерлер 1779 жылы королеваның меняльнигінің бір бөлігін жалға алды. Сөйтіп, тұңғыш рет лондондық қор биржасы дүниеге келді, «көше» рыногымен қатар ұйымдасқан рынок тез даму алды. Ол өз кезінде өнеркәсіп пен сауданың дамуына ықпал етті. Алғашқы американдық қор биржасы 1791 жылы Филадельфияда пайда болды, ал 1792 жылы бұған пара-иар бүгінде элемге эйгілі Нью-Йорк қор биржасы құрылды.

Жалған (алдамшы) капитал деген - қосымша құнның (яғни табыстың) бір бөлігін дивидент немесе процент түрінде иеленуге құқық беретін бағалы қағаздар иесінің меншік титулы. Бағалы қағаздар - акциялар, облигациялар, вексельдер және басқа да түрлерде көрінетін капитал. Бағалы қағаздарды жалған капитал деп айтуға себеп болған жағдайлар мыналар:

1. Табыс көзі - тауар өндірісі. Ал бағалы қағаздардың пайда болуы өндірістік капиталмен тікелей байланысты өнім өндірістен айналымға түсіп, табыс әкеледі. Ал бағалы қағаздар өндірістен тыс, тек айналымнан табыс әкелді деген бұлдыр қиял пайда болады.
2. Бағалы қағаздар капитал болып есептелетін себебі, оларды сатуға болады. Бірақ олардың өз құны өте төмен, ал нарықтық бағалары иррационалды сипатта (өлшеусіз сандар) болады. Жалған капиталдың бағасы капиталға сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына және бағалы

қағаздарды сатудан түскен табыстың мөлшеріне байланысты анықталады.

Капиталға сұраныс пен ұсынысынан жоғары болса және одан түскен табыстың мөлшеріде жоғары болса, онда жалған капиталдың бағасы оған тура пропорционалды өседі.

Жалған капитал нақты (өндірістік) және қарыз капиталмен байланысты болғанымен, олардың оқшауланып шыққан бөлігі, яғни олардың бағалы қағаздардағы көрінісі ретінде айналыста жүреді. Оның нақты капиталдан мынадай ерекшеліктері бар:

1. Жалған капиталдың өз құны (өте аз) жоқ.. Бірақ бағалы қағаздардың кейбір түрлері нақты капиталдың орнында жүреді.
2. Бағалы қағаздардың айналысы қор биржасынан және несие жүйесінен басталады, ал нақты капитал өндіріс саясына қызмет көрсетеді.
3. Жалған капиталдың мөлшері (бағалы қағаздардың сатылатын жиынтық бағасы, яғни бағалы қағаздардың курсы) бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстың капиталға айналуымен анықталады. Ал өндірістегі нақты капиталдан түскен пайда сол нақты капиталдың өз мөлшеріне байланысты болады.

Жалған капиталдың пайда болуын К.Маркс «Капиталдану» деп атады. Ал капиталдану - мүліктің немесе нақты капиталдың ақша капиталына айналуы деген ұғым.

Жалған капитал нақты (өндірістік) және қарыз капиталдарымен байланысты болғанымен, олардың оқшауланып шыққан бөлігі, яғни олардың бағалы қағаздардағы көрінісі ретінде айналыста жүреді. Оның нақты капиталдан мынадай ерекшеліктері бар:

1. жалған капиталдың өз құны (өте аз) жоқ. Бірақ бағалы қағаздардың кейбір түрлері нақты капиталдың орнында жүреді;
2. бағалы қағаздардың айналысы қор биржасынан және несие жүйесінен басталады, ал нақты капитал өндіріс аясына қызмет көрсетеді;
3. жалған капиталдың мөлшері (бағалы қағаздардың сатылатын жиынтық бағасы, яғни бағалы қағаздардың курсы) бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстың капиталға айналуымен анықталады. Ал өндірістегі нақты капиталдан түскен пайда сол нақты капиталдың өз мөлшеріне байланысты болады.
4. Жалған капиталдың пайда болуын К.Маркс «капиталдану» деп атады. Ал капиталдану – мүлдіктің немесе нақты капиталдың ақша капиталына айналуы деген ұғым;
5. жалған капиталдың мөлшерінің өзгеруі нақты капитал көлемінің өзгеруіне дәл келмейді.

Сонымен бірге жалған капиталдың қарыз капиталынан да айырмашылығы бар. Олар:

Біріншіден, бағалы қағаздар қарыз капиталының қозғалысынан пайда бола отырып, бағалы қағаздар нарығында дербес қозғалыс жасайды. Өйткені бағалы қағаздарды сатып деген ақша капиталының бір бөлігін қарызға

берумен бірдей. Ал қарыз – несиелік құжат, немесе бағалы қағаздар түрінде айналыста болады.

Екіншіден, қарыз капиталынан түсетін табыс оның өзінің мөлшерімен анықталса, ал жалған капиталдың мөлшері оның айналысынан түсетін табысына байланысты болады. Ол табыс дивиденд немесе процент түрінде түседі. Бағалы қағаздар өз қозғалыс заңдарына ие болып, нақты капиталдың қозғалысына көбіне тәуелді болмайды.

Қор биржасы - бұл бағалы қағаздардың біркалыпты айналысы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ететін ұйым. Қор биржасының толық мәні, оның экономикадағы атқаратын қызметінен көрінеді:

- қор нарығында биржалық делалдардың бағалы қағаздарды сату жолымен уақытта бос ақшалай қаражаттарды жұмылдыру және шоғырландыру.
- өндірісті және ел үкіметінің шығыстарын несиелеу және қаржыландыру.
- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды шоғырландыру, сұраныс пен ұсыныс деңгейін көрсететін бағаларды белгілеу және жалған капиталды қалыптастыру.

Қор биржасы қаржы ресурстарын жинақтау, шоғырландыру және қайта бөлу процесін ұйымдастырушы экономиканың басты буыны болып табылады. Ол қаржы және өндірістік капитал арасында делдал бола отырып, экономикалық дамудың қорғаушы күштерінің бірі болып саналатын инвестициялық процеске ықпал етеді.

Қор биржасы өз қызметінде мынадай қағидаларға сүйенеді: каншалықты биржадағы мәмілелердің ауызша жасалып, кейінен заңды түрде құжатталатындықтан да брокерлер мен клиенттер арасындағы жеке сенімнің болуы. сауда - саттық ережелері мен есеп арқылы қаржы делделдарының қызметінің қор биржасының әкімшілігі және аудиториялармен қатал түрде реттелуі.

Бұл қағидалардың қамтамасыз етілуі нәтижесінде қор биржасында бағалы қағаздарды сағуға және сатып алуға итермелейтін орта қалыптасады. Қор нарығы сауда - саттықтың өсуі және жасалатын мерзімді мәмілелердің сонының ұлғаюынан кейін барып, тұтыну тауарларының қайнауында қалыптасқан болатын. Қаржы операцияларының объектісіне қарыздық қолхат - вексельдер біртіндеп айнала бастаған. Бельги порты Антверпен ресми түрдегі қор биржасының отаны болып саналады. Оның тауар биржасында 1592 жылы бағалы қағаздармен алғашқы сауда-саттық жасалған. Кейіннен жетекшілік рөлі Амстердамға ауысып, онда алғашқы мерзімді мәмілелер жүргізілді, сондай-ақ биржалық операциялар техникасы жоғары деңгейге жетті. 18 ғасырдың бірінші бөлігінде және келесі жылдары қор биржалары Францияда, Ұлыбританияда, Германияда, АҚШ-ға құрыла бастаған Биржалар саны тез өсіп және олардың арасында өзара тығыз байланыстар орнықты. Сондықтан да капитализмнің қалыптасу кезеңінде қор биржасы белгілі бір дәрежедегі капиталды жинақтаудың маңызды факторына айналып, ол кейінен қаржы - экономикалық қатынастардың маңызды элементі болып табылады.

Әсіресе бағалы қағаздар нарығы АҚШ та кеңінен дамыды. Америкада көптеген кәсіпкерлер өз капиталдарын қаржылай активтерге инвестициялады, сондықтан АҚШ-тың қор нарығында қаржылай операцияларды жүзеге асырудың қазіргі механизмі қалыптасып, ол бүгінгі уақытта біршама ұйымдастырылған және демократиялық бағалы қағаздар нарығының біріне жатады.

Жеке құқықтық сипаттағы қор биржасына классикалық мысал ретінде әлемдегі Лондон қор биржасы және сондай қағидамен жұмыс жасап отырған Нью-Йорк, Токио және басқа да қор биржаларды айтуға болады. Олар жеке компания түрінде ұйымдастырылып, кейінен акционерлік қоғам, бірлестіктер, аралас кәсіпорындарға айналған. Мұндай типтегі қор биржаларының мүшелерінің саны қатаң шектеледі, оған мүше болу үшін ірі ақша сомасын төлейлатын тұлғалар бола алады.

Топтық құқықтық сипаттағы биржалар мемлекеттік мекемелер болып саналады. Олардың қызметтерін үкімет органдары бағалы қағаздар айналысын реттеуші арнайы комиссиялармен бірлесе отырып, бақылау жасайды. Мысалға Париж қор биржасы экономика министрі мен биржа операциялары жөніндегі комиссияның бірлескен түрдегі қадағалауында болса, ал Германияның биржаларын жергілікті үкімет органдары бақылауға алса, Италия биржаларын Қаржы Министірлігі мен компаниялар және биржа ісі жөніндегі ұлттық комиссия реттейді.

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының ағымдағы жағдайын, экономиканың өтпелі кезеңдегі жалпы жағдай мен байланысты дағдарысты деп сипаттауға болады. Қазақстан бағалы қағаздар нарығының даму болашағы үшін ресурстарды жинақтау (материалдық база, адамдарды оқыту, заңдарды шығару, технология және ақпараттық база және т.б.) сұрақтарын камтып қоймай «бағалы қағаздар нарығын дамытудың ұзақ мерзімді саясаты болуы керек.

Бағалы қағаздар нарығында қор биржа өзіндік барометр мен бағыттағыш ролін атқарады. Соның нәтижесінде әрбір инвестор жақсы болашағы бар акционерлік қоғамдарды тауып ақшалай қаражаттарын салады.

Қор биржасының механизмін іске қосудан бұрын: болашақ клиенттер және ең бастысы, акционерлер торабын құруға күш жұмсау қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Нағыз және қарыз капиталынан жалған капиталдың айырмашылығы.
2. Қор биржасының қызметі мен мақсаты.
3. Негізгі және туынды бағалы қағаз түрлері.

Семинар тапсырмалары:

1. Акция, облигация, мемлекеттің қазыналық міндеттемелері.
2. Жинақ сертификаттары, вексель.
3. Құнды қағаздар шығару және айналысқа шығару тәртібі.
4. Ағымдағы құнды қағаздардың құнын анықтауға мүмкіндік беретін факторлар.

5. Дамыған капиталистік елдердегі қор биржаларын басқару мен ұйымдастыру ерекшеліктері.
6. Қор биржасының табысы. Пайданы құру мен бөлу процесінің ерекшеліктері

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Искаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. «Финансовые рынки и посредники». – Алматы: Экономика, 2005.;
2. Көшенова Б.А. «Бағалы қағаздар нарығы және биржа ісі». – Алматы: 2007.;
3. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;
4. Баймұратов О. «Қазақстан қаржы нарығы». – Алматы: Экономика, 2007.;
5. Омирбаев С.М. «Финансы». – Астана, 2003.;
6. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. «Қаржы». – Алматы: 2005;
7. Мишарев А.А. «Рынок ценных бумаг» СПб.: Питер, 2007.;
8. Килячков А.А., Чалдаева Л.А. «Рынок ценных бумаг и биржевое дело». – М.: Экономисть, 2005.

Тақырып 11. Валюталық жүйе және валюталық қатынастар түсінігі.

Халықаралық валюталық несиелік институттар

Мақсаты: Валюта ұғымын, валюталық жүйе және валюталық қатынастар түсінігімен, дүниежүзілік валюталық жүйенің даму кезеңдерімен таныстыру, түсіндіру.

1. Валюталық жүйе және валюталық қатынастар түсінігі.
2. Валюталық жүйені ұйымдастыру формалары.
3. Ұлттық және Дүниежүзілік валюталық жүйе. Валюталық жүйенің элементтері.
4. Дүниежүзілік валюталық жүйенің даму кезеңдері. 1867ж Париж конференциясы, Генуя, Бреттон-Вудс, Ямайка конференциялары.
5. Төлем балансы және оның құрылымы.
6. Валюта курсы туралы түсінік.
7. Валюталық саясат және банктің қаржы-валюта портфелін басқару.

Валюта (итальян сөзі, сөзбе-сөз – құн) – елді ақша бірлігі, оның шартты түрі, халықаралық төлем-есеп айырысу айналымының каналдары арқылы ұлттық ақшаларды қолданудың ерекше формасы.

Валюта қатынастары - әлемдік шаруашылықта валюта айналымынан қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы, олар ұлттық шаруашылықтардың нәтижесінің (тауарының, қызметінің) өзара айырбасталуына қызмет етеді. Валюта қатынастарының кейбір элементтері көне дәуірде (ежелгі Египетте, Римде) вексель және айырбастау істері ретінде пайда болған. Валюта қатынастарының туындауы ұдайы өндіріске

байланысты болғанымен оған, өз кезегінде, өндірістің тұрақтылығы дәрежесіне қарай керісінше де әсер етеді. Валюта қатынастары құқықтық нормалармен және ережелермен реттеледі.

Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына қарай валюта жүйесі болды. Валюта жүйесі – ол экономикалық көзқарас тұрғысынан – шаруашылық байланыстарды интернационалдандыру негізінде тарихи қалыптасатын валюта-экономикалық қатынастар жиынтығы; ал ұйымдық – заңдылық тұрғысынан – ол белгілі бір қоғамдық –экономикалық формация шегінде мемлекеттік –құқықтық түрде ұйымдасқан валюта-экономикалық қатынастар.

Тарихи үш түрлі: ұлттық, дүниежүзілік және мемлекетаралық немесе аймақтық валюта жүйесі қалыптасқан. Алғашқыда елдің ақша жүйесінің құрамдас бір бөлігі ретінде ұлттық валюта жүйесі пайда болды.

Ұлттық валюта жүйесі деген қоғамдық ұдайы өндірісті қалыптастыруға және халықаралық төлем айналымын қамтамасыз етуге қажетті валюта ресурстарын пайдаланатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Ұлттық валюта-елдің ақша бірлігі.

Дүниежүзілік валюта жүйесі деген халықаралық валюта қатынастарының ұйымдастыру формасы, яғни ол – халықаралық несие-қаржы институттармен халықаралық шарт және мемлекеттік құқық нормасы кешендерін біріктіретін жүйе.

Аймақтық валюта жүйесі (ЕВЖ) – дүниежүзілік валюта жүйесінің шеңберінде батыс Еуропаның өнеркәсібі дамыған мемлекеттерін біріктіретін ұйым.

Әр түрлі мемлекеттердің ақша өлшемдерінің арақатынасы, яғни басқа елдің (немесе халықаралық ақша өлшемінде) ақша өлшемімен көрсетілген бір елдің ақша өлшемінің бағасы валюта бағамы деп аталады.

Бреттон - ВУС қаласында (АКМ) халықаралық қаржы конференциясы өткен болатын, осы конференцияда халықаралық валюталық қор (ХВҚ) құру туралы шешім қабылданды. Алғашқы мүшелерінің саны 35 мемлекет болса, 1993 жылы олардың саны 174-ке дейін өсті. ҚР да осы халықаралық валюталық қордың мүшесі болып табылады.

ХВҚ-ға кіргенде, әрбір мемлекет квота (жазылу бойынша салым) мүшелік жарна сияқты белгілі бір ақша сомасын қосады. Қор капиталына мүше елдердің жарнасы екі бөліктен 1) сол елдің квотасының 25% сомасы көлемінде немесе оның алтын мен доллар запастарының 10% сомасы көлеміндегі алтын түрінде. 2) квотаның қалған көлемі ұлттық валюта түрінде жарнадан тұрады.

Квотаның маңызы әр түрлі болып келеді. Біріншіден, олар біріккен ақшалай запастарын құрайды, ХВҚ оларды қаржылық қиыншылықтарға түскен өз мүшелеріне займдар беру үшін пайдаланады. Екіншіден, олардың негізінде, жарна аталатын арнайы активтерді кезеңдік қайта бөлуде алатын соманың мелшері анықталады. Жарна үлкейген сайын, мүше елдің ерік жағдайында алатын несиенің көлемі де үлкен болады. Үшіншіден, олар әрбір мүшенің дауыс салмағын анықтайды. Ел бай болған сайын, оның квотасы сол

гүрлым үлкен болады. Квота көлемі ел экономикасының жұмыс істеуін және әл-ауқаттылығын талдау негізінде белгіленеді. Әрбір бес жыл сайын квотаның мөлшері қайта қаралып тұрады әрі ХВҚ қажеттілігіне және елдің экономикалық өсіп-өркендеуіне байланысты көбейтілуі немесе азайтылуы мүмкін. 1945 ж. ХВҚ-ның 35 мүшесі 7,6 млрд.\$ толеген, 1992 ж. ХВҚ-ның 156 мүшесі 130 млрд.\$-ға жуық және 1993 ж. 174 ел - 140 млрд.\$ төлеген.

ХВҚ саясатын анықтауға керекті дауыс санының көп бөлігін, көп ақша қосқан елдер алады. ХВҚ-дағы басшылық орынды АҚШ алады, оған барлық дауыстың 17%-ы следі. Екінші орында Жапония - 7%, әрі қарай - Германия, Франция, Ұлыбритания - 5-6%.

ХВҚ-ның жоғарғы директивті органы - губернаторлар кеңесі, мұнда әрбір мемлекет губернатор (әдетте қаржы министрі немесе орталық банк төрағасы) және балама губернаторлардан тұрады. Себебі, губернаторлар сияқты олардың орынбасарлары қаржы министрлері немесе орталық банк басшылары болғандықтан, олар өздерінің үкіметтері атынан шығуға уәлдіктері бар. Губернатор кеңесі жылына бір рет ғана жиналады. Оның қызметтеріне мыналар жатады:

- халықаралық валюталық ұсыныстарды эзірлеу;
- экономиканы қайта құру жөнінде өте кедей елдерге кеңес беру, шаралар эзірлеу;
- жаңа мүшелерді қабылдау, квоталарды өзгерту, ХВҚ-ғамүше-елдерді тексеру. Қалған уақытта губернаторлар, штаб-пәтері Вашингтонда (АҚШ) орналасқан атқарушы кеңесті құрайтын өкілдері арқылы, ХВҚ-ның күнделікті іоәрекеті бойынша өздерінің үіметтерінің тілектеріін айтады. Жиырма төрт атқарушы директор, ресми отырыстарда, аптасына үш рет кездеседі, губернаторлар кеңесі арқылы мүше-елдердің үкіметтерімен белгіленген шаралардың жүзеге асырылуын бақылайды. Қазіргі уақыттағы жеті атқарушы директор мына елдердің өкілдері: Ұлыбритания, Германия, Қытай, Сауд Арабиясы, Құрама Штаттар, Франция және Жапония. Қалған елдер топтасып, 19 мүше-ел ішінен бір атқарушы директорды сайлайды. Олардың улесіне 17 директор келеді. Атқарушы кеңестің шешімді қабылдауы мына баптарға негізделеді:
- займ тек қана мүше-елдің экономикалық есуіне көметесетін өнімді мақсаттарға беріледі;
- займ сэйкес үкіметтермен кепілдендірілуі тиіс;
- займ беру шешімі экономикалық себептерге негізделуі тиіс.

ХВҚ-ның қызметкерлері 2 мыңға жуық адамнан тұрады және директор-басқарушымен басқарылады, ол сонымен қатар, атқарушы кеңестің басшысы болады, оны кеңес сайлайды. Дәстүр бойынша директор-басқарушы - еуропалық немесе әрі кеткенде американдық емес болып келеді. 100-ге жуық елдің қызметшілерінің интернационалдық құрамы, негізінен экономистерден тұрады, сонымен қатар, онда статистер, ғылыми жұмыскерлер, мемлекеттік қаржы және салық салу бойынша сарапшылар бар. Жұмысқа қабылдау конкурс негізінде жүргізіледі. Негізгі қызметкерлер ХВҚ-ның Вашингтондағы штаб-пәтерінде орналасқан, бірақ шағын бөлігі Париждегі, Женевадағы және Нью-

Йорктағы БҰҰ-ның жекелеген бөлімшелерінде немесе ХВҚ-ның мүшесі болып табылатын елдерде қызмет көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Валюталық жүйе тусінігі, түрлері.
2. Валюталық курс түрлері?
3. Төлем балансына әсер етуші факторлар, инфляция, халықаралық саудадағы өзгерістер.

Семинар тапсырмалары:

1. Дүниежүзілік валюталық жүйенің даму кезеңдері.
2. 1867ж Париж конференциясы.
3. Генуя, Бреттон-Вудс, Ямайка конференциялары.
4. Есеп айырысу балансы және оның төлем балансынан айырмашылығы.
5. Төлем балансына әсер етуші факторлар, инфляция, халықаралық саудадағы өзгерістер.
6. Шетел валютасында несиелеу мен есеп айырырудың ерекшеліктері

Әдістемелік нұсқау:

Берілген тақырыптың тапсырмалары мен сұрақтары бойынша материалды ауызша айту. Presentation уақыты – 7-10 минут. Жауап тақырып қаншалықты ашылған және қаншылықты қызығушылық туғызды, әдебиет әсіресе қосымша әдебиет қаншалықты қолданылған болса осы тұрғыдан бағаланады.

Негізгі әдебиет:

1. Красавина Л.Н. «Международные и валютно-кредитные и финансовые отношения». Москва. Финансы и статистика. 1994г.
2. Ломакин В.К. Мирская экономика. - М., «Финансы и статистика», 1998г.
3. Миклашевская Н.А., А.В. Холоп «Международная экономика». Москва. Дело и Сервис. 2000г
4. Международные валютно-кредитные отношения Гусаков Н/тв.п/2006
5. Международные финансы Федякина Л/сер Академия финансов/тв.п/2005
6. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несиелену, банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;

Курстық жұмыстың мазмұны мен көлемі

1. Ақшаның пайда болуы және оның тауарлы табиғаты.

Мазмұны: Ақша түсінігі және оның пайда болуының қажеттілігі. Ақшаның тауарлы табиғаты. Тауардың қарама-қайшылықтары және құн формаларының дамуы. Құнның салыстырмалы және эквиваленттік формасы - құнның екі қарама-қарсы жақтары. Эквиваленттік құн формасының ерекшеліктері. Ақша жалпылама құн эквиваленті ретінде. Ақша тауарының спецификасы.

Көлемі – 20-25 бет

2. Ақша айналымы және ақша айналысының заңдары.

Мазмұны: Қолма-қол ақша айналысы. Қолма-қолсыз ақша айналысы. Металл ақша айналысы. Ақша айналысының тұрақтылығының негізі.

Көлемі – 20-30 бет

3. Ақша жүйесі және оның Қазақстанда қалыптасу ерекшеліктері

Мазмұны: Ақша жүйесі туралы ұғым. Биметааллизм жүйесі. Монометаллизм жүйесі. Банкноталар мен қағаз ақшалар айналысы жүйесі және оның сипаттамасы

Көлемі – 20-25 бет

4. Акционерлік қоғам және оның Қазақстандағы әрекет ету ерекшеліктері

Мазмұны: Акционерлік қоғам түсінігі. Қызметі. Акциялар ұғымы. Акция турлері одан тусетін табыс

Көлемі – 20-25 бет

5Ақша айналымын реттеудің мемлекеттік әдістері және олардың Қазақстандағы ерекшеліктері

Мазмұны: Ақшаның тарихи, қоғамдық және экономикалық категория ретіндегі жаратылысы туралы. Ақша айналымы туралы ұғым және оның құрылымы. Еліміздегі ақша айналымын реттеу ерекшелігі. Ақша айналымын басқару.

Көлемі – 20-25 бет

6Ақша эмиссиясы және ақшаны шаруашылық айналымға шығару.

Мазмұны: Эмиссия түсінігі. Шаруашылық айналымының ақшаға деген қажеттілігін бағалау. Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-несие саясатын талдау

Көлемі – 20-25 бет

7Несиенің функциялары, ролі, шекарасы және заңдары (заңдылықтары).

Мазмұны: Несие ұғымы. Несие қажеттілігі. Несие қызметтері және оның экономикадағы маңызы, несие құрылымы

Көлемі – 25-30 бет

8Ақшаның мәні, қызметтері және ерекшеліктері.

Мазмұны: Ақшаның қызметтері және олардың ерекшеліктері. Ақша құн өлшемі құралы ретінде және баға масштабы. Баға – құнның ақшалай көрінісі. Құн заңы және оның орындалуы. Ақша айналыс құралы ретінде. Ақша айналысы заңы. Шаруашылық айналымының ақшаға деген қажеттілігін бағалау. Ақша айналысының тұрақтылығының негізі. Ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметі. Төлем айналымы және оны ұйымдастырудың негізгі заңдылықтары. Ақшаның қор жинау немесе қазына жасау ретіндегі қызметі. Қоғамда қор және қазына жасаудың негізгі формалары және олардың перспективалары. Ақшаның дүниежүзілік қызметі. Ақшаның дүниежүзілік қызметіндегі формаларының дамуы.

Көлемі – 20-30бет

9Ақша мен ақша белгілерінің түрлері, олардың дамуы.

Мазмұны: Ақшаның пайда болуы, мәні. Ақшаның қажеттілігі. Ақша түрлерінің өзгеруі. Толық құнды ақшалар. Толық құнсыз ақшалар.

Көлемі – 20-25 бет

10Ақшаның металдық теориясы және металл ақша айналысы, оның даму тарихы және құнының қағазға белгіленген формасына өту себептері.

Мазмұны: Металл ақша айналысы. Ақша айналысының тұрақтылығының негізі. Ақша айналысының эволюциясы.

Көлемі – 20-30 бет

11 Ақшаның номиналистік теориясы және қағаз ақшалар, олардың мәні мен негізгі түрлері.

Мазмұны: Ақшаның пайда болу табиғаты бойынша рационалистік және эволюционистік теориялары. Қағаз ақшалар. Олардың айналыс заңдылықтары.

Көлемі – 20-25 бет

12 Инфляция, оның себептері мен салдарлары.

Мазмұны: Инфляция. Инфляцияның себептері. Инфляцияның түрлері. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары және мемлекет тарапынан оған қарсы күрес әдістері.

Көлемі – 25-30 бет

13 Инфляцияны реттеудің әдістері, шекарасы, қайшылықтары және оның Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері.

Мазмұны: Инфляцияның мәні. Инфляцияны тежеу шаралары мен әдістері. Инфляцияның Қазақстандағы ерекшеліктері

Көлемі – 20-25 бет

14. 1922-1924 жылдардағы ақша реформалары.

Мазмұны: Ақша дағдарыстары. Ақша реформаларының тарихи маңызы.

КСРО-дағы 1922-1924 жылдардағы ақша реформасы және оның кезеңдері.

Көлемі – 20-25 бет

15. Несие ақшалары, олардың мәні мен негізгі түрлері.

Мазмұны: Ақша түсінігі және оның пайда болуының қажеттілігі. Ақшаның тарихи, қоғамдық және экономикалық категория ретіндегі жаратылысы туралы. Несие ақшалар және олардың түрлері

Көлемі – 20-25 бет

16. Несиенің қажеттілігі, мәні мен формалары.

Мазмұны: Несие ұғымы. Тауар өндірісі және қоғамдық ұдайы өндіріс – несие қатынастарының дамуының негізі. Несиенің қызметтері. Несиенің қайта бөлу қызметі. Уақытша бос ақша қаражаттарын қайта бөлу механизмі. Нағыз ақшаларды несиелік ақшалар және операциялармен алмастыру әрі айналыс шығындарын үнемдеу қызметі. Қарыз капиталын орталықтандыруды және шоғындандыруды жылдамдатуға қатысу қызметі.

Несие формалары. Банк несиесі – ең кең дамыған несие формасы. Банк несиесінің түрлері, олардың біздің елемездегі және шетелдердегі даму ерекшеліктері. Коммерциялық несие және оның мәні, ерекшеліктері.

Көлемі – 25-30 бет

17. Несие жүйесі, несиелік қатынастар мен несиелік мекемелер жиынтығы ретінде.

Мазмұны: Несие ұғымы. Несие қатынастарының пайда болуы және дамуы. Несиенің қажет ететін негізгі және айналмалы қорлардың (капитал) айналым заңдылықтары. Қарыз капиталының құрылымы және қажеттілігі. Несиенің формалары және түрлері. Несие жүйесі туралы ұғым, оның қызмет ету

шарттары. Несие жүйесінің құрылымы және оның негізгі элементтері. Несие мекемелерінің түрлері: банктік және банктік емес несие-қаржы институттары.

Көлемі – 25-30 бет

18. Қазақстанның банк жүйесінің қалыптасуы мен дамуы.

Мазмұны: Банк мекемелерінің түрлері. Эмиссиялық банктер және олардың түрлері мен құқықтық формалары. Эмиссиялық емес банктер: әмбебап және операциялардың кейбір түрлеріне маманданған банктер. Банк жүйесі экономиканың дербес саласы ретінде, оның құрамдас элементтері, қызметтері, әрі экономикадағы рөлі. Банк жүйесінің типтері.

Көлемі – 25-30 бет

19. ҚР қазіргі банк жүйесі.

Мазмұны: Екі деңгейлі банк жүйесі. Екі деңгейлі банк жүйесінің қызмет ету механизмі мен құрылымы. Жоғары және екінші деңгейдегі банктердің қызмет етуін ұйымдастырудағы өзіндік ерекшеліктері. Қазақстандағы екі деңгейлі банк жүйесінің қалыптасу және даму ерекшеліктері. Шетелдердегі банк жүйелерінің қызмет ету ерекшеліктері.

Көлемі – 25-30 бет

20. 1930-1932 ж. несие реформасы.

Мазмұны: Несие жүйесінің революцияға дейінгі дамуы (1917 жылға дейін). 1930-1932 ж.ж. несие реформасы. 1988 және 1991 жылдардағы банк және несие реформасы. Қазіргі кездегі Қазақстандағы несие жүйесі. Қазақстан Республикасындағы несие жүйесінің дамуы.

Көлемі – 25-30 бет

21. Несиелік ресурстар және оны қалыптастыру көздері.

Мазмұны: Несие категориясына көзқарастардың дамуы. Несие қатынастарының пайда болуы және дамуы. Несиелік ресурстар.

Көлемі – 25-30 бет

22. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның қызметтері мен операциялары.

Мазмұны: “Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы” Қазақстан Республикасы 1995 ж. 30 наурыздағы заңы. Ұлттық банк – “банктердің банкісі”. Ұлттық банк – Үкіметтің бас банкирі, қаржылық кеңесшісі және агенті ретінде. Ұлттық банктің бақылаушылық және қадағалаушылық функциялары.

Көлемі – 25-30 бет

23. ҚР коммерциялық банктері, оның қызметтері мен операциялары.

Мазмұны: Коммерциялық банктердің құқықтық негіздері “Қазақстан Республикасындағы банктер және банктердің қызметі туралы” 1995 ж. 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы. Банктердің негізгі қызметтері. Банктің іс-әрекетін қалыптастыру, қайта ұйымдастыру және оны тоқтату тәртібі. Банктік лицензия түсінігі. Банктердің банкротқа ұшырауы барысындағы қолданылатын іс-қимылдары. Банктердің актив және пассив операцияларының сипаттамасы. Пассив операциялары. Банктердің өз қаражатын құру әдістері.

Көлемі – 25-30 бет

24. Банктік қызметтегі тәуекелділіктер.

Мазмұны: Банк практикасындағы тәуекелдер және олардың жіктелуі. Несиелік, валюталық, өсімақы тәуекелдері. Баланстанбаған өтімділік, нарық конъюктурасының өзгеруі, экономикалық, саяси және табиғи апаттары тәуекелдері әр-түрлі тәуекелдерде сақтану жолдары. Олардың қысқаша сипаттамасы және іске асыру тәртіптері.

Көлемі – 25-30 бет

25. Қарыз процентінің экономикалық маңызы.

Қазақстандағы проценттік саясат.

Мазмұны: Қарыз пайызының (қарыз проценті) экономикалық мәні. Тауарлы өндіріс және несие қатынастары – қарыз пайызының дамуының негізі. Қарыз пайызы бойынша қарым-қатынастарындағы субъектілер. Пайыз нормасын анықтайтын факторлар. Пайыз мөлшерлемелері, түрлері және олардың ерекшеліктері. Пайыз төлеу көздерінің қарыз алушылар мен қарыз берушілер арасындағы қарым-қатынастарға байланыстылығы.

Көлемі – 20-25 бет

26. Акционерлік қоғам және бағалы қағаз түрлері.

Мазмұны: Акционерлік қоғамдар. Бағалы қағаздар және олардың түрлері: акциялар, облигациялар, мемлекеттік қазыналық міндеттемелері, жинақ сертификаттары, вексель. Бағалы қағаздар эмиссиясының тәртібі. Бағалы қағаздарды шығару және айналысқа түсіру тәртібі.

Көлемі – 20-25 бет

27. Қор биржасы және биржалық келісімшарт түрлері.

Мазмұны: Қор биржасының пайда болуы мен дамуы. Дамыған нарықты елдердегі қор биржаларын басқару мен ұйымдастыру. Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының қызметі мен мақсаты. Қор биржасы мүшелерінің міндеттері мен құқықтары. Биржалық мәмілелер.

Көлемі – 20-25 бет

28. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби маманданған қатысушылары.

Мазмұны: Бағалы қағаздар нарығына қатысушылар. Оның кәсіби мамандары: брокерлер мен диллерлердің қызметі. Бағалы қағаздар нарығының институционалды инвесторлары.

Көлемі – 20-25 бет

29. ҚР қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың қазіргі жүйесі.

1. **Мазмұны:** Төлем құжаттарының түрлері. Инкасса. Аккредитив. Чек. Төлем талап тапсырмасы. Төлем тапсырмасы.

Көлемі – 20-25 бет

30. 1987-1988ж.ж. банктік жүйенің реформасы.

Мазмұны: Қазақстанда банк жүйесінің қалыптасу тарихы және дамуы. 1988жылғы түбегейлі банк реформасы. Екі деңгейлі банк жүйесін құру.

Көлемі – 20-25 бет

31.Екінші деңгейдегі банктердің активті және пассивті операцияларының дамуы.

Мазмұны: Банктердің актив және пассив операцияларының сипаттамасы. Пассив операциялары. Банктердің өз қаражатын құру әдістері. Банктердің өз қаражатының және тартылған қаражатының құрылымы. Депозит деген ұғым және оның түрлері. Банктердің актив операциялары. Несиелік операциялар. “Несиелік желі” түсінігі, қозғалмайтын мүліктерді кенілдеп берілетін ссудалар. Вексельдер және басқа бағалы қағаздармен операциялар. Инвестициялық, факторингтік, лизингтік, консорциалдық операциялар. Банктердің комиссиялық-делдалдық және сенім (траст) операциялары. Банктер интерактивті бизнесте.

Көлемі – 20-25 бет

32.Ақша реформасын жүргізудің қажеттілігі мен мәні.

Мазмұны: Ақша дағдарыстары. Ақша реформаларының тарихи маңызы-мағынасы.

КСРО-дағы 1922-1924 жылдардағы ақша реформасы және оның кезеңдері. КСРО-дағы 1947 жылғы ақша реформасы және оның экономиканы дамытудағы маңызы. 1961 жылғы КСРО-дағы баға масштабының өзгеруі.

Көлемі – 20-25 бет

33.Ақша – несиелік реттеудің мақсаты, объектісі, механизмі және Орталық банктің реттеуші субъекті ретіндегі ролі.

Мазмұны: Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Мемлекеттік ақша-несие саясатын жасау және оны жүргізу. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін бекіту. Ақша-несие саясатының істегі операцияларының түрлері.

Көлемі – 20-25 бет

34.Қазақстандағы жинақ ісінің дамуы.

Мазмұны: жинақ ісінің маңызы, қажеттілігі

Көлемі – 20-25 бет

35.Қазақстан Республикасындағы 1993 жылғы ақша реформасы.

Мазмұны: Ақша дағдарыстары. Ақша реформаларының тарихи маңызы-мағынасы. Қазақстан Республикасындағы 1993 жылғы ақша реформасы және оның қажеттілігі мен жүргізілу ерекшеліктері.

Көлемі – 20-25 бет

36.ҚР ақша – несиелік саласында қазіргі кездегі ағымдағы тенденциялары.

Мазмұны: Ақша-несие саясатының негізгі құралдары. Қазақстанның ақша-несие саясатын жасаудың негізгі проблемалары және оларды шешу жолдары. Ұлттық банктің ақша-несие саясатының даму стратегиясы

Көлемі – 20-25 бет

37.Ақша массасының мультипликациясы және міндетті резервтер нормасы.

Мазмұны: Ақша-несие саясатының мақсаттары және институционалдық негізі. Ақша-несие саясатының теориялық негізі

Көлемі – 20-25 бет

38. Төлем жүйесі және оның ҚР –да даму тенденциялары.

Мазмұны: Мемлекеттің төлем жүйесін ұйымдастыру формалары мен принциптері. Қазақстан Республикасында төлем жүйесін қалыптастыру мен дамыту. Ақша құралдарын аударудың электронды жүйесі. Ірі төлемдерді аудару жүйесі.

Көлемі – 20-25 бет

39. Ақшаның қазіргі теориясы.

Мазмұны: Ақшаның тарихи, қоғамдық және экономикалық категория ретіндегі жаратылысы туралы. Ақша айналымы туралы ұғым және оның құрылымы. Еліміздегі ақша айналымын реттеу ерекшелігі. Ақша айналымын басқару.

Көлемі – 20-25 бет

40. Инфляцияның түрлері және банктік процент.

Мазмұны: Инфляцияның түрлері. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары және мемлекет тарапынан оған қарсы күрес әдістері.

Көлемі – 20-25 бет

41. Төлем балансы және оның ақша –несиелік және валюталық саясаттағы маңызы.

Мазмұны: Төлем балансы және оның құрылымы. Есеп айырысу балансы және оның төлем балансынан айырмашылығы. Төлем балансына әсер етуші факторлар: инфляция, халықаралық саудадағы өзгерістер.

Көлемі – 20-25 бет

42. Бреттон – Вудс валюта жүйесінің дағдарысы. Қазіргі әлемдік ақшалар.

Мазмұны: Валюта жүйесін ұйымдастыру формалары: ұлттық, аймақтық (халықаралық), дүниежүзілік. Валюта жүйесінің элементтері. Дүниежүзілік валюта жүйесінің даму көздері: 1867 ж. Париж конференциясы, 1922 ж. Генуя, 1944 ж. Бреттон-Вудс, 1976 ж. Ямайка конференциялары.

Көлемі – 20-25 бет

43. Ақшаның мезгілдік құнының теориясы және оның капиталды құнын анықтаудағы маңызы.

Мазмұны: Ақша базасы, ақша массасы, ақша агрегаттары. Ақшаның тарихи, қоғамдық және экономикалық категория ретіндегі жаратылысы туралы.

Көлемі – 20-25 бет

44. Пластикалық карточкалармен есеп айырысу және олардың түрлері.

Мазмұны: Есеп айырысу құжаттары. Пластикалық карточкамен есеп айырысу маңызы мен ерекшелігі.

Көлемі – 20-25 бет

45. ҚР Ұлттық банктің мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынасы.

Мазмұны: Қазақстан Республикасының Орталық банкісі – Ұлттық банк. ҚР Президентіне ғана есеп беру құқығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің құрылымы, заңды статусы. Ұлттық банктің басқару органдарын құру тәртібі. Ұлттық банктің жоғары басқару органдарын құру ерекшеліктері.

Көлемі – 20-25 бет

46.ҚР вексель және вексель айналысы

Мазмұны: Бағалы қағаз түсінігі, олардың негізгі және туынды түрлері. Коммерциялық вексель. Вексель ерекшелігі. Жай және аудармалы вексель. Қаржылық вексель. Жалған вексель. Вексельдік аваль.

Көлемі – 20-25 бет

47.Әлемдік валюта – қаржы жүйесі: құрылымы, қалыптастыру механизмі, даму тенденциялары.

Мазмұны: Халықаралық валюта қоры (ХВҚ–МФВ) және оның халықаралық қатынастарда алатын орны мен қызметі. Әлемдік банк тобы, оның құрылым бөліктері: халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК–МФК), халықаралық даму ассоциациясы (ХДА–МАР), Инвестициялардың кепілдігі жөніндегі көп жақты агенттік (КЖКА-МАГИ), халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚКДБ-МБРРР).

Көлемі – 20-25 бет

48.Әлемдік валюта жүйесінің эволюциясы.

Мазмұны: Валюта жүйесінің элементтері. Дүниежүзілік валюта жүйесінің даму көздері: 1867 ж. Париж конференциясы, 1922 ж. Генуя, 1944 ж. Бреттон-Вудс, 1976 ж. Ямайка конференциялары.

Көлемі – 20-25 бет

49.Еуропалық валюталық жүйе, оның негізгі кезеңдері мен дамуы.

Арнайы банктік емес институттардың капиталды қорландыру мен жинақтаудағы ролі мен мәні.

Мазмұны: Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚКДБ-ЕБРР) мақсаты мен қызметі. Халықаралық қаржы–несие институттарымен Қазақстан Республикасының қарым-қатынастарының қалыптасуы.

Көлемі – 20-25 бет

50.Лизинг: қатысушылары, құрылымы және лизинг түрлері.

Мазмұны: лизинг түсінігі, арендадан ерекшелігі

Көлемі – 20-25 бет

51.Қаржы нарығын және ұйымдарды реттеу және бақылау агенттігінің міндеттері мен қызметі.

Мазмұны: Қаржы нарығының инфрақұрылымы.

Көлемі – 20-25 бет

52.Ақшаның түрлері мен формалары.

Мазмұны: Ақшаның пайда болуы. Ақша түрлері. Қызмет көрсетуші ақша формалары: толық құнды, толық құнсыз – қағаз және несие ақшалары.

Көлемі – 20-25 бет

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының заңдары мен заңды актілері

1. «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Президентінің 1993 жылдың 12 қарашадағы жарлығы.
2. «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» 1993 жылдың 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық банкі туралы » ҚР-сы Президентінің заң күші бар 1995 ж 30 наурыздағы жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы » ҚР-сы Президентінің заң күші бар 1995 ж 31 тамыздағы жарлығы.
5. «Төлемдер мен ақша аудару туралы» ҚР-ның 1998ж 29 маусымдағы Заңы.
6. «ҚР-ғы вексель айналысы туралы» ҚР-ның 1997 ж. 28 сәуірдегі Заңы.
7. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 ж. 2-шілдедегі ҚР Заңы.
8. «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы » 2005 ж.13 маусымдағы Қ Р Заңы.
9. «Ұлттық валютаның айырбас бағамының саясаты туралы» 1998ж. сәуірдегі ҚР-сы үкіметінің №360 қаулысы.
10. «ҚР – ның ХВҚ –ға, ХҚҚДБ-ға,ХҚК-ға, ХДА-ға, ИККА-ға, ЕКҚДБ-ға, АЗДБ-не ИТКРО-ны мүшелігі туралы» ҚР-ның 2001 ж. 6 желтоқсандағы №264 Заңы.
11. «ҚР-да қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің біртұтас жүйесін ұйымдастыру сұрақтары» ҚР-сы Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы №872 үкімі.
12. ҚР Үкіметінің 2 шілде 2002ж. №713 «Микропроцессорлық карточуалар негізінде төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасы».

Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің нормативтік актілері

13. ҚР экономикасын қысқа мерзімді несиелеу тәртібі.Ұлттық банк басқармасының 1994ж. 11 ақпандағы №4 қаулысы.
14. ҚР-сы территориясындағы чектерді пайдалану тәртібі. – ҚР-сы ҰБ басқармасының 1998ж. 5 желтоқсандағы №266 қаулысы.
15. Пруденциялық нормативтер туралы ереже. - ҚР-сы ҰБ басқармасының 2006ж. 28 тамыздағы №157 қаулысы.
16. Мемлекеттік бағалы қағаздармен жүргізілетін РЕПО және кері РЕПО операцияларының тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 3 шілдедегі №160 қаулысы.
17. ҚР-ның екінші деңгейдегі банктерінің жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 5 қарашадағы №266 қаулысы.
18. Екінші деңгейдегі банктердің несиелеу үшін құжаттарды жүргізу ережесі ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 16 тамыздағы №276 қаулысы.

19. Қазақстан Республикасы территориясында төлем құжаттарын және қолма-қолсыз есеп айырулар мен ақша аударымдарын қолдану ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 24 тамыздағы №331 қаулысы.
20. Қазақстан Республикасындағы банктерді ерікті тарату ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 16 мамыр №210 қаулысы.
21. ҚР-да клиринг жүргізу тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 16 маусымдағы №273 қаулысы.
22. ҚР-да пластикалық карточкаларды шығару және пайдалану тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 24 тамыздағы №331 қаулысы.
23. Қазақстан Республикасы территориясында банктік шот ашпастан қолма-қолсыз төлемдер мен ақша аударымдарының жүзеге асыру ережелері. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 3 шілдедегі №160 қаулысы.
24. Екінші деңгейлі банктермен кассалық операцияларды жүргізі ережелері. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 15 қараша қаулысы.
25. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүргізу ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №115 қаулысы.
26. Ломбард құру , лицензиялау, қызметін реттеу, тоқтату ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №332 қаулысы.
27. Қазақстан Республикасында экспортты – импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы нұсқаулық. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2002ж. 3 тамыз №343 қаулысы.
28. Төменгі резервтік талаптар туралы ереже. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №300 қаулысы.
29. Қосымша ақпарат көзері ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің арнайы басылымдары ұсынылады:
 - А) *ҚР Ұлттық банкінің хабаршысы* – арнайы басылым-айға 2 рет, банктік жүйе мен қаржы нарықтарының ағымда жағдайы туралы оперативті ақпараттарды, банктер мен басқа да несиелік мекемелердің қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды, ҚР Ұлттық банк Басқармасы мен Директориаттың шешімдері ұсынады.
 - Б) *ҚР Ұлттық банктің статистикалық бюллетені* - орыс және ағылшын тулдеріндегі арнайы басылым, ақша –несиелік қатынас және қаржылық қызметтер туралы статистикалық ақпараттарды ұсынады.
 - В) *Экономкалық шолу* – тоқсандық аналитикалық басылымы, жүргізілетін ақша несиелік және валюталық саясат, есеп айырулар мен төлемдер және т.б. аумағындағы саясаттарға талдау тиімділігі жөніндегі ақпараттарды ұсынады.

Оқулықтар және оқу құралдары. Ғылыми басылымдар

30. Ауриемма Майк Дж.Роберт С.Коли. Индустрия банковских пластиковых карточек. Ағылшын тілінен аударма.- М.Инфра, 1997.
31. Банковские системы развитых стран. Щербакова Г.Н. жетекшілігімен – М.Экзамен 2001.

32. Балабанов И.Т., Гончарук О.В., Савинская Н.А. – Деньги и финансовые институты. – Оқу құралы – СПб, Питер 2000.
33. Валютные отношения. Ю.Ф.Сименовтың оқу құралы. – М.Финансы и статистика 2002.
34. Грязнова А.Реструктурирование кредитных организации в зарубежных странах. М.Юнити 2000.
35. Деньги, кредит, банки. О.И.Лаврушинның жетекшілігімен. М. 2002.
36. Деньги, кредит, банки. В.Коллесникованың жетекшілігімен – СПб, Питер 2001.
37. Деньги, кредит, банки. Г.С.Сейткасымовтың жетекшілігімен- Алматы, Экономика 1996.
38. Дэвид С.Кидуэлл, Ричард Л.,Петерсон, Дэвид У. Блэкуэлл. Финансовые институты, рынки и деньги. СПб,Питер 2000.
39. Деньги, кредит, банки. Ценные бумаги. Практикум. Е.Жуковтың жетекшілігімен М.Юнити 2001.
40. Долан Э.Дж.,Кэмпбелл Колин Д.,Кэмпбелл Розмари Дж. Деньги , банковское дело и денежно – кредитная политика – М. 1991.
41. Диана Мак – Нотон. Банки на развивающих рынках. 2 – томда. Әлемдік банк институты. 1998.
42. Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы . Оқу құралы.- Алматы Экономика 1999.
43. Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы категорияларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы ҚазМБА, 1999.
44. Көшенова Б.А. Ақша, несие, банктер. Валюта қатынастары. Оқу құралы. Алматы Экономика 2000.
45. Кураков Л.П.,Тимерясов В.Г.,Кураков В.Л. Современные банковские системы. Оқу құралы-М.Гемос 2000.
46. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения. Красавина Л.Н. жетекшілігімен оқу құралы. – М.Финансы и статистика. 2002.
47. Мишкин Ф.Экономическая теория денег, банковского дела и финансовых рынков . М.Аспект пресс, 1999.
48. Саниев М.С. – Ақша, несие, банктер. Оқу құралы. Алматы қаржы және статистика институты.
49. Ақша, несие, банктер. Оқулық. Алматы, Экономика 2005.
50. Деньги, кредит, банки. Оқулық. В.В.Иванов , Б.И.Соковол. – М.Перспект – 2006.
51. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. Алматы, 2002.
52. Хамитов Н. Н. Банк ісі . Алматы : 2006.
53. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. Алматы 2002.
54. Афонина С. Электронные деньги. Оқу құралы – СПб, Питер 2001.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Тақырып 1. Ақшаның мәні мен қызметтері.....	4
Тақырып 2. Ақша айналымы, ақша айналысы және ақша жүйесі.....	7
Тақырып 3. Ақша реформалары.....	10
..	
Тақырып 4. Қарыз капиталы, пайыз және несие.....	14
Тақырып 5. Несиелік жүйе, банктік жүйе, несиелік мекемелер түрлері.....	18
Тақырып 6. Мемлекеттің Орталық банкісі, оның қалыптасуы мен дамуы.....	23
Тақырып 7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің функциясы мен операциялары.....	26
Тақырып 8. Коммерциялық банктердің қызмет етуін ұйымдастыру негіздері, коммерциялық банктердің активтік және пассивтік операциялары.....	28
Тақырып 9. Банк практикасындағы тәуекелдер.....	33
Тақырып 10. Жалған капитал және оның формалары. Қор биржасы.....	36
Тақырып 11. Валюталық жүйе және валюталық қатынастар түсінігі. Халықаралық валюталық несиелік институттар.....	40
Қустық жұмыстың мазмұны мен көлемі.....	43
..	
Ұсынылған әдебиеттер тізімі.....	51

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 55 бет 4,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.